

ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 199 (9517) || 1954 жылғы 6 октябрь Сәрсенбі || Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде (1-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: И. Силин.—Марксизм-ленинизм кешікі университетінде. В. Скибский.—Партия оқуына әзірлік (2-бет).

Қ. Шекеев.—Мемлекетке астық сатуда (2-бет).

А. Безденжых.—Жарыс қыза түсуде (2-бет).

Ғылым қызметкерлері мен ауыл шаруашылығы практика-терінің Шадринскідегі Бүкілодақтық кеңесі (2-бет).

МАРКСИЗМДІ-ЛЕНИНИЗМДІ ӨЗДІГІНЕН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ БӨМЕК: Ж. Аралбаев.—СОБП тарихы—марксизмнің ленин-измнің жүзеге асырылуы (2-3-беттер).

МАЛ ҚЫСТАТУҒА БАРЛЫҚ ЖАРЫНАН ҮЛГІЛІ ӨЗІРЛЕНЕ-ПІК: С. Удовенчук.—Әрбір қолхозда мол жемшөп қоры жа-салсын. С. Сутюшев.—Жаңа жақты өркендеген совхоз (3-бет).

А. Сейтбеков.—Оқу тәрбие жұмыстарын жақсартуға бар-лық жағдай жасалсын (3-бет).

Х. Рахметов.—Жаңа совхоз поселжесі (3-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Қоғамдық малды жылы, жайлы қоралармен қамтамасыз етейік

Қоғамдық мал шаруашылығы — ауыл шаруашылығының негізгі бір саласы болып саналады. Мал шаруашылығын өркендету халқымыздың мал өніміне, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін толықтырып қанағаттандырады. Сондықтан партиямыз бен үкіметіміз мал шаруашылығын, әсіресе, қоғамдық мал шаруашылығын, жедел өркендетуді партия, совет ұйымдарының, ауылшаруашылық органдарының және еліміздің бүкіл ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына ең негізгі міндет етіп қойып отыр.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы қолхоз, совхоздары бұл міндетті аброймен орындап, мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру жүзесінде быыл едәуір табыстарға ие болды. Петропавл ауданындағы Пушкин атындағы қолхозда қоғамдық мал басы өткен жылғыдан едәуір көбейді. Мұның өзі мал өсірудің мемлекеттік жоспарының барлық түлік бойынша орындалуын, мемлекетке мал өнімін тапсырудың міндетті тапсырмасы толық орындалуын қамтамасыз етті. Қолхоз мемлекетке мыңдаған литр сүт және ондаған центнер ет сатты. Қолхозшылардың еңбектеріне сүт және ақша көптеп берілді. Полудень ауданындағы «Прогресс», Булаев ауданындағы «Гигант», Қонахов ауданындағы «Путь Ленина» қолхоздары мен Чистов, Қыялы совхоздары да мал өсіру, оның өнімділігін арттыруда елеулі табыстарға жетті.

Алайда, облысымызда мал шаруашылығын өркендетуде әлі де елеулі кемшіліктер орын алып отыр. 1 октябрьге дейін облыста мал өсіру, оның өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарлар орындалмады. Бұған алдымен көп қолхоздардың өткен мал қыстатуда елеулі кемшіліктерге жол бергендіктері негізгі себеп болды. Ондай шаруашылықтар мал қыстатуға тыңғылықты әзірленбеді. Мал азығы мен қоралар жеткіліксіз дайындалды. Мұның ақыры малдың қозы төмендеп, шығын болуына, өнімі кемюіне әкеліп соқты.

Келесі жылы мал шаруашылығын өркендетуде мұндай кемшіліктерге жол бермеу және қоғамдық мал басының жедел көбейіп, өнімділігі арта түсуіне жету үшін мал қыстатуға мұқият әзірлену керек. Малға азықты жеткілікті дайындағанмен іс бітпейді. Сонымен қатар малдың жылы, жайлы әрі жарық қорасы бо-

Жағдай Совет, Соколов, Октябрь, Преснов аудандарының қолхоздарында төзгісіз нашар болып отыр. Соколов МТС-нің қамтуындағы қолхоздарда жаз басында 33 мал қорасының құрылыс жұмысы бас-талған еді. Бұл, әрине, қуанарлық іс бо-лып табылады. Ама қанша қолхоз басшылары құрылыс жұмыстарын егін жый-нау маусымы басталысымен тоқтатып қойды. Ал Соколов аудандық партия ко-митетінің секретары Брикунов, аудандық Совет атқомінің председатели Звягин жол-дастар бұл кемшіліктерге көріне-көзге жол берді.

Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозында 100 бастық стан-дартты сыйыр қорасының қабырғасы са-лынғанына 4 жыл уақыт өтті. Осы мер-зім ішінде қолхозда қораның құрылысын аяқтауға мүмкіншіліктер болды. Ама қанша, қолхоз басшылары бұл құрылыс-ты аяқтау орнына, оны жылдап тоқтатып қойды. Осының салдарынан бұл қораның қабырғалары шіріп, бүлінуде.

Облыстың қай ауданында болсын жаңа-дан мал қораларын салу жөніндегі тап-сырмалар айлан-айға орындалмай келеді. Сонымен қатар, екі қораларды жөндеу де мүлдем баяу жүргізілуде. Мұның өзі жергілікті партия, совет ұйымдарының қолхоз, совхоз басшыларының құрылыс жұмыстарына жете көңіл бөлмей келе жатқандықтарын дәлелдейді. Қоғамдық мал басын көбейту міндеті бұл кемшілік-терді үздік-кесілді жоюды талап етеді.

Жылы, жайлы, әрі жарық қораларды көптеп салған жағдайда ғана мал қыста-туды үлгілі өткізуге, мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруға болады. Сон-дықтан әрбір қолхозда, совхозда мал қо-раларын салуды кеңінен өрістетуге керек. Бәзіргі уақытта облыстың қай қолхозында болсын егін жыйнау аяқталды. Бұл жағдай құрылыс жұмыстарына күш-мүм-кіншіліктерді көптеп бөлуге мүмкіндік бе-реді. Әрбір қолхозда және совхозда құры-лыс бригадалары ұйымдастырылып, олар-дың құрамы құрылыс жұмысының жайын білетін құрылыс адамдармен толықтыры-луы қажет. Құрылысшылар материал-дармен үнемі жабдықталуы керек.

Жаңадан мал қораларын көптеп салу үшін жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдаланған жөн. Кірішті, әкті, черепицаны, ағашты қолхоздар мен сов-хоздардың өзінде дайындауға және өндіру-

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қа-зақстан КП Орталық Комитеті, қолхоз-дар мен совхоздарда 1954-1955 жылда-ры мал қыстатуға әзірлену және оны өткізу туралы мәселе талқылап, респу-бликаның көптеген қолхоздары мен сов-хоздарында мал қыстатуды өткізуге әзір-ліктің мүлде қанағаттанғысыз екенін атап көрсетті. 20 септябрьге дейін жол-хоздар пішен дайындау жоспарын 58,1 процент қана, жемшөп сүрлеу жоспарын 66,4 процент, ал, совхоздар бұл жоспа-рларды 53,2 және 38,5 процент қана орындады.

Облыстық совет, партия және ауыл-шаруашылық органдарының көптеген бас-шылары 1953-1954 жылдардағы мал қыстатудың ауыр зардаптарынан қажетті қорытынды жасамай отыр. Қызылорда облысының қолхоздары быылғы жылы пішен дайындау жоспарын небары 50,7 процент қана орындап, пішенді өткен жылғыдан 46,1 мың тонна кем дайын-лады.

Алматы, Ақтөбе, Гурьев, Солтүстік Қа-зақстан және Павлодар облыстарының қолхоздары мен совхоздары пішенді өткен жылғыдан едәуір көм дайындады.

Мал қыстайтын жайылым участоктерін де жемшөп дайындау Алматы, Гурьев, Талдықорған және Жамбыл облыстарында мықтап артта қалып отыр.

Министрлер Советі мен ККП Орталық Комитеті республика ауыл шаруа-шылығы, совхоздар, су шаруашылығы министрліктерінің, Қазақ ССР Министр-лер Советі жанындағы қолхоздар құры-лыстары жөніндегі бас басқарманың, совет, партия және ауылшаруашылық органдарының сабан мен топаңды жый-науға тиісінше көңіл бөлмей отырғанын, жемшөпті мал қыстатылатын жерлерге тасуды ұзаққа созып отырғанын, мал қораларын салу, құдықтар қазу, әсіресе, қысқы жайылым участоктерінде қора са-лу мен құдықтар қазу жұмысына қан-ғаттанғысыз басшылық етіп отырғанын атап көрсетті.

Көптеген қолхоздар, МТС-тер, ММПС-тер және совхоздар жемшөпті малға әзір-леп беруге арналған машиналар мен жаб-дықтарын жеткіліксіз және жетілмеген

Жемшөп тасуға қолхоздар мен совхоздар-дың көліктерін, транспорт құралдарын, сондай-ақ МТС-тердің, ММПС-тердің же-не совхоздардың автомашиналарын, трак-торларын бұл жұмысты белгіленген мерзімде аяқтауды қамтамасыз ететін мөлшерде күн сайын қатыстыру қамтама-сыз етілсін;

сүрлеу үшін егілген ауылшаруашылық дақылдарының бүкіл егіс көлеміндегі көк-шөп өнімін, сондай-ақ оғород-бақша дақыл-дары мен басқа дақылдардың қалдықтар-ын толық пайдалану есебінен жемшөп сүрлеудің белгіленген жоспарын әрбір қолхоз бен совхоздың орындауы қамтама-сыз етілсін;

қызылша егетін аудандарда қант қы-зылшасының пәлегі толық жыйналып, сүрленсін, қолхоздардың қызылша тал-сырғаны үшін өздеріне берілетін қызыл-шаның бүкіл тосабын олардың қант за-водтарынан алынуына қажетті шаралар қолданылсын және қызылша тосабын қоғамдық малдың азығына пайдалану қамтамасыз етілсін;

жемшөптік тамыржемістер мен жем-шөптік бақша дақылдарын жыйнау, суық түскенге дейін аяқталсын, олардың дү-рыс сақталуы қамтамасыз етілсін;

қолхоздардың қоғамдық мал шаруашы-лығының қажеті үшін ауылшаруашылық артелінің Уставында көрсетілген тәртіп-пен дәнді жем күйылысын, сонымен қатар барлық дәнді дақылдардың қалдықтары толық жыйналып, оларды малға беру үшін әрбір қолхоз бен совхозда ойдағыдай сақтау қамтамасыз етілсін.

Ауыл шаруашылығы және совхоздар министрліктеріне, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы қолхоз құрылыстары жөніндегі бас басқармаға (Глоzman жол-дасқа), Қазақстан тұтынушылар одағы на (Царев жолдасқа), облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару коми-теттеріне, облыстық және аудандық пар-тия комитеттеріне 1 ноябрьге дейін әрбір қолхоз бен совхозда жаңа мал қораларын салу жоспарының сөзсіз орындалуын және бұрыннан бар мал қораларын жөн-деу, тазалау, дезинфекциялау жұмыста-рының аяқталуын қамтамасыз ету тап-сырмасын Оларға қажетті мөлшерде жу-

тымен беруге ерекше назар аударылыс; мал шаруашылығы қызметкерлеріне үкмет белгілеген көтермелеу шаралары қолхозшылар мен совхоз жұмысшыларына үнемі түсіндіріліп, мал сатудан және мал шаруашылығы өнімдерін өткізуден қол-хоздарға түсетін ақшадай қаржының ша-мамен 25 процентінің қолхозшыларға мезгілінде берілуі қамтамасыз етілсін;

мал фермаларының қызметкерлері үш-жылдық зоотехникалық курстардағы оқу-ға барыпша толық қамтылсын, озат ша-руашылықтардың тәжірибесін үйреніп, өндіріске енгізу үшін ферма қызметкер-лерінің озат шаруашылықтарға әжесур-сиясын ұйымдастыру практикасы кеңі-нен қолданылсын.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне, совхоздар министрлігіне, облыстық ат-қару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудан-дық партия комитеттеріне, МТС-тер-дің, ММПС-тердің және совхоз тресте-рінің директорларына 20 октябрьге дейін барлық қолхоздар мен совхоздардың мал қыстатуға әзірлігін жапшай тексеру, бұл үшін әрбір аудан мен әрбір совхоз трес-тінде арнаулы комиссиялар ұйымдасты-рылып, бұл комиссияларға дайындалған жемшөпті, әрбір мал қорасы мен мал суа-тының әзірлігін, малдың күйін, сонымен қатар мал фермалары мен бригадалары-ның кадрлармен қалай толықтырылғанын және олардың қажетті тұрғын үй-тұрмыс жағдайымен қалай қамтамасыз етілгенін тексеру міндеті тапсырылды.

Әрбір қолхоз бен совхоздың мал қыс-татуға әзірлігін тексеру нәтижелері қол-хоздар мен совхоздарда, аудандық атқару комитеттері мен аудандық партия коми-теттерінің мәжілістерінде талқыланып, ашылған кемшіліктерді жоюға қосымша шаралар қолданылсын.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне, совхоздар министрлігіне, облыстық атқа-ру комитеттері мен аудандық атқару ко-митеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, қолхоз басқарма-ларына, МТС, ММПС және совхоз дирек-торларына мыналар міндеттелді:

1 ноябрьге дейін әрбір қолхоз бен сов-хозда жемшөп баланстары және жай шөп,

туған торайларды талап таразға салу сияқты зиянды практиканы жоюға, оларды өсіру және бордақылау сөйтіп, етке ташыру ісіне, қысқы уақытта бар-лық қойды, әсіресе, буаз саулықтарды үз-діксіз және молынан азықтандыру жұмы-сы ұйымдастырылуға ерекше назар ау-дарылысын.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне, совхоздар министрлігіне, облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларына, МТС, ММПС және совхоз директорларына қо-ғамдық мал шаруашылығын зоотехника-лық және малдәрігерлік жағынан қамту ісінің дәрежесін бағыл арттыру, МТС-тердің, ММПС-тердің және совхоздардың зоотехниктері мен малдәрігерлік қызмет-керлерінің қолхоздар мен совхоздардағы мал шаруашылығының жайына жеке ба-сының жауапкершілігін күшейту тапсы-рылды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қа-зақстан КП Орталық Комитеті ауыл шар-уашылығы мини-трлігіне, совхоздар ми-нистрлігіне, облыстық атқару комитетте-рі мен аудандық атқару комитеттерінде, облыстық және аудандық партия коми-ет-теріне, МТС, ММПС және совхоз дирек-торларына мыналарды міндеттеді:

Мал жайылымы участоктерінде жем-шөптің сақтық қорын дайындау күшей-тілсін, жайылым участоктерінде жемшөп дайындау мүмкін болмаған күнде басқа участоктерде пішен дайындап престоу жұмысы ұйымдастырылсын және жем-шөптің жеткіліксіз бөлегін мал қыстай-тын жерлерге 15 ноябрьге дейін тасып жеткізу қамтамасыз етілсін, әрбір қолхоз бен совхозда мал жайылым участоктерін-де қыстатылатын мал үшін қажетті мөл-шерде концентрат азық бөлініп, бұл азықтың мал қыстайтын жерлерге 1 но-ябрьге дейін тасып жеткізілуі қамтамасыз етілсін;

әрбір отар мен табынның қыстайтын жерлерінде шопандар мен жылқышылар үшін жақсы тұрғын үйлер, қойға арнал-ған жабық қоралар салынсын, құдықтар қазылысын, мұндай құрылысқа қамыс және басқа жергілікті құрылыс материал-дары кеңінен пайдаланылсын;

малды қысқы жайылым участоктеріне

луы керек. Сонда ғана мал қыстату үйымшылдықпен өткізуге болады.

Бұл қағиданы жете түсінген облыстың алдыңғы қатарлы колхоздары мал қораларын салу жұмыстарын жаз басынан қолға алып, оны үлгілі жүргізуде. Мысалға Соколов ауданындағы «Победа» колхозын алуға болады. Мұнда қоғамдық малдың жылы, жайлы қорымен қамтамасыз етілуіне айырықша көңіл бөлінген. Колхоз басқармасы жаз басында құрамында 30 адам бар құрылыс бригадасын ұйымдастырып, оны қажетті құрылыс материалдарымен жабдықтады. Мұның өзі игі нәтижесін беріп те отыр. Колхозда 50 бастық сыйыр қорасының құрылысы аяқталды. Шошқа қорасы мен бузау үйі салынып бітуге жуық. Құрылысшылар тағы да бір сыйыр қорасын салуға кірісті. Салынған қоралар фермадағы қол еңбегін көп керек ететін ауыр жұмыстарды механикаландыруға бейімделген.

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың қолхозшылары да жаңадан мал қораларын салу жұмысының қарқынын барған сайын өрістетуде. Мұнда өткен жылдың өзінде ғана төрт мал қорасы пайдалануға берілді.

Қоғамдық малды жылы, жайлы қоралармен қамтамасыз етуде осындай жетістіктермен бірге, елеулі кемшіліктер де бар. Көп колхоздарда және совхоздарда құрылыс жұмыстары мүлдем баяу жүргізіліп келеді. Бұған алдымен бірқатар аудандардың партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының басшылары кінәлі. Олар әрбір колхозда және совхозда мал қораларының құрылыс жұмысы ерте күннен тыңғылықты жүргізілуін қамтамасыз етпеді.

Қазақ ССР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігінің көмір өнеркәсібі қызметкерлерін наградтау

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы көп жыл және мінсіз жұмыс істегені үшін Қазақ ССР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігінің көмір өнеркәсібінің жер астында жұмыс істейтін бір топ жұмысшыларын, вен мастерлерін, басшы және инженер-техник қызметкерлерін Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградтады.

Ленин орденімен «Базтоппром» тресі Боролдай шахтасының забойшысы Әмір Жұмағұлов және «Базтоппром» тресі Бел-

те қолады. Бірақ, бұл мүмкіншіліктер әлі күнге дейін көп жерлерде кеңінен пайдаланылмай келеді.

Облыстың кейбір колхоздары қораны қамыстан саудуы кеңінен ұйымдастырды. Бұл жөнінде мысалға Соколов ауданындағы Ленин атындағы колхозды алуға болады. Мұнда қысқа мерзімде қамыстан 60 бастық қора салынды. Бұған қаржы да, жұмыс күші де өте аз жұмсалды. Колхозшылар қамыстан қора салу колхоз үшін өте тиімді, әрі пайдалы екенін өз тәжірибелерінен айқын көріп, қамыстан қора салуды кеңінен өрістетуде. Бірақ, көптеген колхоздардың басшылары қамыстан қора салуды әлі күнге дейін ұйымдастырмай келеді.

Мал қораларын салуда МТС-тер колхоздарға нақтылы көмек көрсетуге тиіс. Құрылыс материалдарын тасуда, ағаш тігуде МТС-тер қамтуындағы колхоздарға күнбе-күн көмектесіп отыруға міндетті. Мұнымен бірге, МТС коллективтері мал қораларындағы қол еңбегін көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөнінде колхоздарға нақтылы істерімен көмектесулері керек.

СОБН Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы мал қораларын салу жұмысының қыс маусымы басталғанға дейін әрбір шаруашылықта толық аяқталуын жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарынан, МТС, совхоз директорлары мен колхоз басшыларынан қатаң талап етті. Бұл міндетті мінсіз жүзеге асырылуы — мал қыстату маусымының ұйымшылдықпен өтуін қамтамасыз етіп, қоғамдық мал шаруашылығының өркендей түсуіне зор мүмкіншілік туғызады.

те Машат шахта басқармасының участоы бастығы Василий Дмитриевич Кириллов наградтады. Еңбек Қызыл Ту орденімен «Базтоппром» тресі Келте Машат шахта басқармасының № 4 шахтасының креңильщикі Қамбар Байсейтов, «Базтоппром» тресі Келте Машат шахта басқармасының бастығы Евгений Степанович Кременгуло наградтады. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен 8 адам, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен 18 адам наградтады.

Белорус ССР Брест облысының колхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Брест облысының колхоздары астық дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Бидай дайындау және сатып алу жоспары 115 процент, кара құмық дайындау және сатып алу жоспары 237 процент орындады. Колхоздар өздерінің 1955 жылдың елісіне керекті дәнді дақылдардың тұқыммен қамтамасыз етуде және

не еңбеккүнге астық беруде.

Облыс колхоздары сол сыяқты зытыр тұқымын тапсыру жоспарын 161 процент орындады. Зығыр тұқымын тапсыру әлі жүргізілуде. Кәзір колхоздарда картон және оястық жыйнау, мемлекетке тапсыру жаппай жүргізілуде, мал азығындық жүгері жыйнау аяқталып келеді, мал қыстатуға әзірлік жұмыстары жүргізілуде.

күнге дейін кіріспей, жемшөп цехтары мен жемшөп кухняларын жабдықтамай келеді. «Главсельхозснаб» пен «Главсовхозснаб» базалары жемшөпті қайта өңдеуге арналған машиналар мен жабдыктарды өте нашар таратуда.

Көптеген ауылшаруашылық органдарының, МТС-тердің, ММПС-тердің еңбек ұйымдастыруды және малшыларды мәдени-тұрмыс жағынан қамтуды жақсарту мәселесіне мүлдем төзгісіз немқұрайдылықпен қарауының салдарынан көптеген колхоздар мен совхоздардың малшаруашылық бригадалары осы уақытқа дейін түгел толықтырылмаған, мал шаруашылығы кадрларының тұрақсыздануы және мал қыстудегі несіздік жойылмаға і. Көптеген колхоздардың басқармалары, МТС, ММПС және совхоз директорлары мал шаруашылығы бригадаларын қыс уақытында тұрғын үйлермен, жылы киімдермен және аяқкиіммен мезгілінде, толық қамтамасыз етуде, оларға мәдени-тұрмыс жағдайын жасау, медициналық қызмет ету және мектеп жасындағы балаларды мектептерде оқуға қамту ісіне қажетті қамқорлық жасамай отыр.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың ауыл шаруашылығы министрлігін (Мельник жолдас), совхоздар министрлігін (Власенко жолдас), облыстық атқару комитеттерін, аудандық атқару комитеттерін, облыстық және аудандық партия комитеттерін шөп шабууды, жемшөп сүрлеуді, сабан мен топан жыйнаууды және балғын жемшөп дайындауды күшейтуге шаралар қолдануға, сөйтіп әрбір колхоз бен совхозда барлық малды жемшөппен қамтамасыз етуге міндеттейді. Бұл үшін:

Шөп шабу мен пішен маялау арасындағы алшақтықты жоюға жедел шаралар қолданылсын, қолда бар барлық, мал үйгіштер, шөп жыйнауыш шамелегіштер және басқа машиналар кеңінен пайдаланылсын;

барлық сабан мен топанның жыйналып маялануы, сөйтіп егіннен түсетін жемшөптің бірде-бір центнерінің жыйналмай қалмауы қамтамасыз етілсін;

15 октябрьге дейін дайындалған барлық шөп қайта есептеліп, кіріске алынып, фермаларға берілсін, бұл шөп фермалардың меңгерушілеріне тиісті актілермен берілетін болсын;

әрбір колхоз бен совхозта жемшөпті, мал қыстайтын жерлерге тасып жеткізу жөнінде бескүндік тапсырмалар берілсін, сөйтіп, дайындалған жемшөп 15 ноябрьге дейін мал қыстайтын базаларға тасып жеткізілсін, мұнда еңалдымен алыстағы және жолы қыйын участоқтердегі жемшөпті тасып жеткізу қамтамасыз етілсін.

мысшы күші мен транспорты бар құрылыс бригадаларын тезінен толықтыру, колхоздардың ағаш және басқа құрылыс материалдарын тасып және сатып алуын қамтамасыз ету, әрбір колхоз бен совхозға мал қораларын жаңадан салу және ескі қораларды жөндеуді аяқтау графигін беру ұсынылды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті су шаруашылығы министрлігін (Дәуленов жолдас), ауыл шаруашылығы мен совхоздар министрліктерін, облыстық атқару комитеттерін мен аудандық атқару комитеттерін, облыстық және аудандық партия комитеттерін 1 ноябрьге дейін жаңадан шахталық және артезиан құдықтарын қазып, оның бұрынғыларын жөндеу жоспарының орындалуын қамтамасыз етуге, колхоздардағы, совхоздардағы және «Главсельхозснаб» пен «Главсовхозснабтың» қоймаларындағы су тартатын механизмдердің бәрін орнатуға, құдықтарды мал суаратын науалармен және басқа құралдармен жабдықтауға міндеттеді.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне, совхоздар министрлігіне, МТС, ММПС және совхоз директорларына 15 октябрьге дейін зоотехникалық малдәрігерлік мамандардың күшімен колхоздар мен совхоздардағы барлық малдың қоны қандай екенін қарау, қыс түскенге дейін малды қонды болуы үшін барлық әлсіз малды күзгі жақсы жайылымдарда бағып, қажет болған жағдайда бұл малға қосымша концентрат азық беруді ұйымдастыру тапсырылды.

Төзді қыста күтуге әзірлеу ісіне ерекше назар аударылсын, барлық әлсіз төл тезінен күшті күтімге қойылсын;

15 октябрьге дейін малды күзгі малдәрігерлік профилактикалық тазалықтан өткізу жұмысы аяқталсын, ауру малдар жеке топтарға бөлініп, оларды емдеу жұмысы ұйымдастырылсын.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы министрлігіне, совхоздар министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, МТС, ММПС және совхоз директорларына мыналарды міндеттеді:

15 октябрьге дейін мал фермалары белгіленген жұмыс нормаларына сүйеніп отырып, тұрақты кадрлармен, неғұрлым тәжірибелі колхозшылармен, колхозшы әйелдермен және совхоз жұмысшыларымен, еңалдымен коммунистер мен комсомолецтер кадрлары есебінен толықтырылсын;

фермаларда еңбектің дұрыс ұйымдастырылып, дұрыс ақы төленуі қамтамасыз етілсін, малды ферма қызметкерлеріне дұрыс бекітіп беруге, ферманың әрбір қызметкерінің алған өнімінің жеке есебін жүргізуге, олардың малды аман сақтауына және алған өніміне қарай, олардың еңбегіне төленетін негізгі және қосымша ақыны мезгілінде есептеп, уақы-

балғын жемшөп, концентрат азық жұмысқа әр айға арналған жоспарлары жазылсын. Жемшөптің бар-жоғын ай сайын кемінде бір рет тексеріп тұру, жемшөптің ұқыпты сақталуына және малға берілетін нормаларға сәйкес дұрыс жұмсалыуына шаралар қолдану колхоздардың тексеру комиссияларына ұсынылсын және совхоз трестерінің директорларына міндеттелсін:

Жай жемшөпті турау және булау, дәнді жем мен күнжараны ұсақтау және ұнтақтау, жемшөптің тамыржөмістер мен бақша дақылдарын малға әзірлеп беру жөнінде әрбір колхоз бен совхозға тапсырмалар берілсін. Сабан мен салалы пішеннің малға тек туралған, буланған және концентрат азық араластырылған күйінде берілуі, ал концентрат азықтың — ұсақталған немесе ұнтақталған күйінде, тамыржөмістердің буланған және туралған күйінде берілуі қамтамасыз етілсін. МТС және ММПС директорларына колхоздарда жемшөп әзірлеу ісін механикаландыру жұмыстарын басқару, бұл істе зоотехникалық-малдәрігерлік қызметкерлердің ұйымдастырушы ролін батыл арттыру міндеттелсін;

МТС-тердегі, ММПС-тердегі, колхоздардағы және совхоздардағы жемшөпті малға беруге әзірлейтін машиналар 15 октябрьге дейін жөндеіліп, жұмысқа әзір етілсін, сөйтіп фермаларға орнатылсын. Қажет болған жағдайда жай мен туралғын және концентрат азық ұсақтайтын жылжымалы агрегаттардың жұмыс істеуі ұйымдастырылсын;

шошқа және құс фермаларында жемшөп кухняларын, ал сыйыр фермаларында — булагыштар және салалы пішен мен егіннен түсетін сабан топанды шалшаң сүрлеуге арналған қабырғалары шегенделген шұңқырлар жасау және жабдықтау жұмыстары 1 ноябрьге дейін аяқталсын;

МТС, ММПС және совхоз жанында жемшөпті малға әзірлеп беру мәселесі жөнінде ферма меңгерушілері мен колхоз зоотехниктерінің семинарлары өткізілсін;

Әрбір фермада малға жемшөп беру тәртібі белгіленіп, жемшөптің неғұрлым жақсы пайдаланылуын қамтамасыз ететін жемшөп қосындыларын жасау әдісі кеңінен қолданылсын.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы министрлігіне, совхоздар министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, МТС, ММПС және совхоз директорларына совхоздар мен совхоздарда мал қыстатудың барысын үнемі бақылауды, мал қорала тұратын уақытта оны күту, бағу және азықтандыру ісінің дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді, малдың қондылығы мен өнімділігінің көмеуіне жол бермеуді тапсырты. 1955 жылдың 1 және 2 тоқсанында ет үшін тапсырылатын бүкіл мал қорала бағылатын өзге дейін іріктеліп алынып, семіруге қойылуына, күзде, қыста және көктемде

көтеру және өрікестіру жұмысын аяқтандырып, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары бойынша 15 ноябрьге дейін қалған облыстар бойынша — 1 ноябрьге дейін аяқталсын. Жемшөптің сақтық қорымен қамтамасыз етілмеген участоқтерге мал алдап апаруға тыйым салынсын;

Мал жайылым участоқтерінде мал күтумен шұғылданатын колхозшылар және совхоз жұмысшылары қажетті жылы киімдермен, аяқкиім мен және тамақ өнімдері мен қамтамасыз етілсін.

Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне (Қарыпбаев жолдасқа) және облыстық атқару комитеттеріне қысқы жайылым участоқтеріндегі мал фермаларының қызметкерлерін қамтуға медицина мекемелерінің әзірлігін бір ай мерзім ішінде тексеріп, бұл істерге кемшіліктерді жою тапсырылды.

Республиканың мәдениет министрлігі (Байғалиев жолдас), облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттері мал фермалары мен мал жайылымы участоқтерінде қызыл мүйіздер мен қызыл отаулардың үнемі жұмыс істеуін, коллективтік түрде радиохабар тыңдауын, үнемі газет оқылуын, өңгімелер өткізіліп, лекциялар оқылуын, кино картиналар көрсетілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақ ССР оқу министрлігі (Сембаев жолдас) және облыстық атқару комитеттері қысқы мал жайылымы участоқтерінде жұмыс істейтін колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының балаларын оқыту жайы бір ай мерзім ішінде тексеріп шығып, мектеп жасындағы барлық балалардың оқуға тартылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан тұтынушылар одағы, облыстық атқару комитеттері қысқы мал жайылым участоқтерінде өнеркәсіп және азық-түлік товарларымен үздіксіз сауда жасау ісін ұйымдастыруға міндетті.

Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы министрлігінің, совхоздар министрлігінің, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің, облыстық және аудандық партия комитеттерінің назарын колхозшылар, колхозшы әйелдер, МТС және совхоз жұмысшылары мен мамандары арасында мал қыстатуды ойдағыдай өткізу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге аударды.

Социалистік жарыс нәтижелерінің кеңінен жария болуы қамтамасыз етілсін. Алынған міндеттемелерді орындаудың қорытындылары қабырға газеттерінде, арнаулы көрсеткіш тақталарында, сондай-ақ аудандық, облыстық, республикалық газеттерде ұлай жазылып, радио арқылы берілетін болсын. Мал қыстатуға әзірлену және оны өткізу жөніндегі озағардың қол жеткен табыстары барлық колхозшылар мен ауыл шаруашылығы мамандарының игілігіне айналдырылсын.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Марксизм-ленинизм кешкі университетінде

1 октябрьде ҚКП қалалық комитеті жаңындағы Марксизм-ленинизм кешкі университетінде жаңа оқу жылы басталды.

Университеттегі сабақ ұйымшылдықпен басталып, бірінші курста алғашқы сабаққа 100-ден астам тыңдаушы қатысты. Олар қалалық партия комитетінің төзгір бөлі насихатшысы Красная жолдастың «СОКП тарихы — марксизм-ленинизмнің жүзеге асырылуы» деген тақырыпта жасаған алғашқы кіріспе лекциясын зор ынтамен тыңдады.

Екінші курста да сабақтар зор ұйымшылдықпен өтті. Мұнда қаланың мұғалімдер институтының оқытушысы Морозов жолдас партия тарихы жөнінде лекция оқыды.

Жаңа оқу жылында марксизм-ленинизм университетінде сабақтар үш жылға лайықталған программа бойынша өткізіледі. Бұл жағдай программалық материалдарды тыңдаушылардың тереңірек меңгеруіне, лекциялар мен семинар сабақтарының сапасы мен идеялық мазмұнының дәрежесі жоғары болуына көмектесетін болады.

Жаңа оқу жылы коммунистердің, комсомолецтердің, партияда жолдардың, интеллигенцияның, басшы партия, совет және шаруашылық қызметкерлерінің университетте оқуға барған сайын ынталы болып отырғаны тағы да айқын көрсетті. Марксизм-ленинизм теориясын меңгеруге ынталану университетте жастары, мамандығы, білімдері әртүрлі адамдардың бастарын қосты. Университетте оқуға келгендердің ішінде завод мастері, орта білімі бар комсомолка Иванова, облыстық драма театры директорының орынбасары,

СОКП мүшелігіне кандидат Погост, таразы зауытының цех бастығы Стельмах, вагон депосының бас инженері, комсомолец Шевченко, ҚКЖО қалалық комитетінің секретары Шәкіров жолдастар бар. Мұнда Совет МТС-нің агрономы, тың және тыңайған жерлерді игеруге комсомолдық жолдамамен Краснодар өлкесінен келген В. Н. Пронин жолдас оқыды.

Университеттің бірінші курсын ойдағыдай бітірген, ет консерв комбинатының директоры Галыкин, механикалық техникумының оқу ісін меңгерушісі Финнин, жұмысшылар ауруханасының дәрігері Надеждина және басқа жолдастар былай екінші курста марксизм-ленинизмді одан әрі меңгеруде.

Өткен оқу жылында университетті 100 адам бітіріп шықты. Университетті бітірген бірақатар жолдастар терең және тынақты білім алып шығып, кәзір насихатшы болып істеп жүр. Мәселен, орта мектеп директоры Шпунтова жолдас ҚКП қалалық комитетінің штаттан тыс лекторы болып бекітілді. Ал, комсомолец Тәйф жолдас былай университетте саяси экономиядан семинар сабақтарын өткізеді.

Мұндай жетістіктермен қатар, марксизм-ленинизм кешкі университетінің жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Ең алдымен, университет директоры Стрельникова жолдастың, қалалық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің және бастауыш партия ұйымдарының кейбір секретарларының жұмысты нашар істеуі салдарынан университет оқушыларының арасында партия ұйымдарының секретарлары, кәсіпорындары мен мекемелердің

басшылары, партия, совет және шаруашылық активтері тіпті аз болып отыр. Ал, кешкі университет негізінен осындай адамдарға лайықталған оқу орны екені мәлім.

Ет-консерв комбинатының партия ұйымынан университетке көптеген коммунистер оқыса да, партия бюросының секретары Филимонов жолдас университетте оқудан бойын аулақ салып жүр. Шағын двигателдер зауыды партия бюросының секретары Глушенко жолдас жөнінде де осыны айтуға болады. Ол екінші курсты әлдеқашан бітіру орнына, бірнеше жылдан бері бұл курсты бітіре алмай жүр. Завком председателдері Балашов және Степанов жолдастарда өткен жылы өте нашар оқыды. Өткен оқу жылында олар бірде-бір зәчет, не емтихан тапсырып көрген емес. Ал, жаңа оқу жылының алғашқы күні сабақтарына бұл жолдастар келген де жоқ.

Марксизм-ленинизм университеті былығы оқу жылында аталған кемшіліктердің біржола жойылуы, сабақтардың сапасы жоғары, идеялық мазмұны терең болуы, марксизм-ленинизмді насихаттауда дүмшелік пен жаттампаздықтан түпкілікті арылу үшін белсене күресіп, марксизм-ленинизм теориясын терең меңгерген, таңдаулы насихатшылар мен үгітшілер даярлауы керек. Бұл міндетті университеттің оқытушылар коллективі толық орындайды да.

И. СИЛИН,

ҚКП қалалық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

МЕМЛЕКЕТКЕ АСТЫҚ САТУДА

Совет ауданындағы «Красное поле» колхозының колхозшылары мен осы колхозды қамғытын Сартомар МТС-нің механизаторлары СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысымен жігерлене отырып, егін жыйнауы толық аяқталды. Колхоз даласында өскен бітік егінді жыйнауға әсіресе, комбайншы Ильяшенко жолдас ерекше көзге түсті. Ол тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен күн сағын 60—70 гектарға дейін егін орны, 700-800 центнерге дейін астық бастырды.

Колхозшылар бастырылған астықты таңарту, кептіру жұмыстарын күні-түні бірдей ұйымдастырып, мемлекетке міндетті астық тасыру жоспарын, МТС жұмыстары үшін заттай ақы талсудың тасырмасын толық орындап шықты. Колхозшылар кәзіргі уақытта мемлекетке астық сатуы үлгілі жүргізуде. Кәзірдің өзінде колхоз мемлекетке 6 мың пұттай астық сатты.

Колхозда мемлекетке астық сату әлі де қызу жүргізілуде.

* * *

Петропавл ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың колхозшылары да мемлекетке астық сатуы қарқынды жүргізіп келеді. Колхоз кәзірдің өзінде мемлекетке 5 мың пұтқа жуық астық сатты. Колхозшылар мемлекетке 11 мың пұттай астық сатуға шарт жасаса, ол толық орындалады. Астық тасуда бұл күндері 5 автомобиль үздіксіз жұмыс істеп жүр.

Мемлекетке астық сату колхоздың ақшалай табысын молайта түсуде. Быыл колхозшылардың еңбеккүндеріне ақша өткен жылыдан екі үш есе артық бөлінді.

Қ. ШӘКЕЕВ.

Жарыс қыза түсуде

Бұл күндері қаладағы «Союззаготтранс-тың» шоферлар коллективі Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, игі нәтижелерге жетісуде.

Шоферлар Хлыбыстов, Мавохин. Көчеров тағы басқалары дайындау пункттеріне астық тасуда еңбектің озат үлгісін көрсетіп жүр. Тек соңғы өткен бескүндікте Соколов ауданының колхоздарынан орқайсысы дайындау пункттеріне 28 тоннадан астық тасыды. Сөйтіп, жүк машинасының бескүндікте 2150 километр жол жүруін қамтамасыз етті.

А. БЕЗДЕНЕЖНЫХ.

Мол табыс

Совет ауданының Каганович атындағы колхозының колхозшылары быыл бітік егін өірді. Мұнда мемлекетке астық тасыру жұмыстары да қызу қарқынмен жүргізілуде. Жақында колхоз басқармасы колхозшылардың еңбеккүніне 2 килограмнан астық бөлі. 798 еңбеккүні бар Емельян Батурин екі мың килограмма жуық астық алды. Сол сыяқты, Иван Болланский, саумышы Вера Лисович жол-



Златоуст. Сталин атындағы Златоуст металлургиялық зауыды бірінші мартен цехы бірінші мартен пешінің болатшылары мартен пешінің қызмет істеу мерзімін 1000 рет балқытуға дейін жеткізуге социалистік міндеттеме алған болатын. Пеш кәзірдің өзінде 400-ге жуық балқыту берді. Болатшы И. Ф. Козлов 6 айдың ішінде жоспардан тыс 700 тонна болат балқытты. (СОТА-ның фотохроникасы).

Ғылым қызметкерлері мен ауыл шаруашылығы практиктерінің Шадринскідегі Бүкілодақтық кеңесі

ШАДРИНСК, (Курган облысы), 3 октябрь. (СОТА). Ғылым қызметкерлері мен ауыл шаруашылығы практиктерінің Бүкілодақтық кеңесінің кешегі таңертеңгі мәжілісінде Мальцев жолдастың баяндамасы талқылана бастады. Кеңеске Россия Федерациясының 25 облысы мен автономиялық республикасынан, сондай-ақ 12 одақтас республикалардың өкілдері қатысуда. Өздерінің сөздерінде олар егіншілік сия жаңа системасын енгізудің жоспарлары туралы толық баяндауда.

Свердловекінің ауылшаруашылық институтының өсімдік шаруашылығы кафедрасының меңгерушісі Иванова жолдас институттың Шадринск тәжірибе станциясы мен байланысы және Мальцев жолдас институтқа көрсетіп отырған көмегі туралы баяндады. Ол Сталин атындағы колхозда үстемілдегі жылы Мальцев жолдас ұсынған әдісі бойынша баптаған парға егілген егінің гектарынан 180 пұттан астық алғандығын хабарлады.

Курган ауылшаруашылық институты Мальцев жолдас жасаған агротехникалық тәсілдердің экономикалық тиімділігін зерттеді. Институт директоры Бугаев жолдас осы туралы айтты: зерттеу үшін топырақ ауа райының жағдайы «Заветы Ленина» колхозының жағдайымен бірдей Калийин атындағы және Хрущев атындағы ауылшаруашылық артельдері алынды. «Заветы Ленина» колхозы топырақ баптаудың жаңа системасын қолданып, осыған төрт жылдың ішінде Хрущев атындағы колхоздардың гектарына 8 центнер, ал Калийин атындағы колхоздардың гектарына 10 центнер астық берді.

Мәқта шаруашылығының Бүкілодақтық институты директорының орынбасары Весседин жолдас езінің сөзін топырақ баптаудың жаңа тәсілдерін тәжірибе ретінде қолдануға шақырды.

стан облысының Бетпақдала ауданында орналасқан, —деді ол, — шаруашылық негізінен мақта өсіреді. «Заветы Ленин» колхозының егіс даласында болып мен топырақ баптаудың жаңа системасы, өте бағалы шикізат мақта жыйнауы арттырудың зор перспективаларын ашады деген қорытындыға келді.

Кеңеске қатысушылар Житомир облысының Ленин атындағы колхозының председатели, Социалистік Еңбек Ері Прасковья Григорьевна Чухонин сөзін зор ынта қойып тыңдады. Ол топырақ баптаудың жаңа системасын практикаға баяу енгізіп отырғаны үшін ғылым қызметкерлерін сынады.

Таңертеңгі мәжіліс Украинаның ауылшаруашылық министрлі М. С. Сливак жолдас сөз сөйлеумен аяқталды.

ШАДРИНСК, (Курган облысы), 3 октябрь. (СОТА). Кешкі мәжілісте Мальцев жолдас баяндамасы оған әрі талқыланды. Ғалымдар мен ауыл шаруашылығының озаттары топырақ баптау мен егін егудің жаңа системасына егіс даласы егін бекшілерінің ерекше зор ынта қойып отырғанын айтты.

Белоруссия Ғылым академиясының вице-президенті Луцинович жолдас бұл системаның Белоруссияның егіс далаларында қолданудың практикалық мәселелеріне тоқталды.

Мәқта шаруашылығының Бүкілодақтық институты директорының орынбасары Весседин жолдас езінің сөзін топырақ баптаудың жаңа тәсілдерін тәжірибе ретінде қолдануға шақырды.

Партия оқуына әзірлік

Преснов ауданының колхоз, совхоз және МТС партия ұйымдары партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына қызу әзірленуде. Аудандық партия комитеті, СОКП Орталық Комитетінің партия оқуы жөніндегі нұсқауларына сүйене отырып, партия оқуындағы еріктілік принципін жүзеге асыруда бірақатар жұмыстар жүргізді. Көптеген бастауыш партия ұйымдары жыйналыстарында коммунистердің партия оқуының қай түрінде оқытындығы туралы арнаулы мәселе қарады. Сонымен коммунистердің басым көпшілігі, демек, рұданда 600 коммунист партияның тарихы мен теориясын өздігінен оқуға тілек білдірді. Ал өткен жылы аудан бойынша небары 26-ақ коммунист өздігінен оқыған еді. Бұл жағдай ауданда өткен жылға қарағанда былығы оқу жылының зор ерекшеліктері болатындығын көрсетеді.

Өткен оқу жылы кейбір бастауыш партия ұйымдарының секретарлары коммунистердің өздігінен оқуына жете мән бермей, тіпті оған нешекетті қарады. Олар саяси оқудың бұл түрін коммунистер бетке ұстап, мүлде ештеңе де оқымай қояды деп хауіптенді. Мұндай зиянды пікір жетелеген секретарлардың қолдануына себеп болды.

лерін ескермегендігінен туған болатын. Ал осындай пікір быылғы оқу жылына әзірлікте де болмай қойған жоқ. Бірақ оны аудандық партия ұйымдары кезінде ашып, жойды.

Коммунистердің саяси және жалпы білім дәрежесін өздігінен арттыруға ынталылығын қолдау мақсатымен аудандық партия комитеті өздігінен үйренуші коммунистерге арнап лекциялар оқу, консультациялар өткізу сыяқты көмектер көрсетіп отыруды ұйғарды. Бірнеше лекторлар тобы ұйымдастырылды. Құрамында 10 лекторы бар партия кітапханасы жанындағы лекторлар тобы СОКП тарихы, ауыл шаруашылығының экономикасы, халықаралық жағдай жөнінде лекциялар оқуды ұйымдастыратын болды. Бұдан басқа, МТС-тер мен колхоз, совхоздардағы лекторийлерде де СОКП тарихы, ағымдағы саясат мәселелері жөнінде лекциялар оқымақ. Штаттан тыс лекторлардың ішінде ҚКП аудандық комитетінің секретарлары Н. Болатбаев, М. Байбатыров, агрономдар Т. Аяғанов, Әуелбеков, мұғалімдер Дмитриева, Шухова жолдастар және насихатшылық жұмыста тәжірибесі бар басқа да партия, совет қызметкерлері мен

екі кешкі партия мектебі ұйымдастырылды. Осы мектептерде оқуға 32 коммунист, 18 комсомолецтер және партияда жоқ активтер тілек білдірді. СОКП тарихын үйрену жөнінде ауданда 16 үйірме (екінші жыл оқытылуы) жұмыс істейтін болады. Бұл үйірмелерде оқуға тілек білдірген коммунистердің саны 162.

Насихатшыларға жүйелі көмек көрсетіп отыру мақсатымен ҚКП аудандық комитеті әрбір екі ай сайын олардың үш күндік семинарын өткізіп тұруды ұйғарды. 26-28 сентябрьде насихатшылардың алғашқы семинары өткізілді. Семинарда теориялық және методикалық лекциялар оқылды.

Тыңдаушылардың сабаққа ынталылығын арттыра білу— насихатшылық жұмыстары ең басты мәселе. Сондықтан да семинарда насихатшылардың әңгімені қайткенде қызықты, түсінікті етіп өткізуі туралы көп сөз болды. Бұл жөнінде, әсіресе, тәжірибелі насихатшылар өздерінің тәжірибесін, пікірін айтты, оны ортаға салды.

Жаңа оқу жылында партия оқуы жүйесіндегі еріктілік принципі берік сақталуына қамтамасыз етілуіне көмектесу мақсатымен партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі И. Силин, Қ. Шәкеев, А. Безденежных, Мол табыс және Жарыс қыза түсуде секцияларының жұмыстарына зор мән беріледі.

байланысын үзп, олардың тілек-мүдде-

шаруашылық мамандары бар. Майбалық, Баян МТС-тері жанынан

оқу дәрежесін онан әрі арттыра береді. **В. СКИЕСКИЙ.**

ды.

В. ЛИЗУН.

Ақшалай сыйлық

Мамлют авторотасының шоферлері социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, колхоздардың қырмандарынан дайындау пункттеріне астық тасуда айтарлықтай табыстарға жетті. Жақында шоферлер арасындағы социалистік жарысқа қорытынды жасалды, үздік шыққан шоферлерге ауыспалы қызыл тулар тапсырылды. Озат шоферлар Зиновцев, Путин, Мартыненко, Пономорев және басқа шоферлерге ақшалай сыйлық берілді.

Б. ИВАНОВ.

БИУРО МӘЖЛІСІНДЕ

Жақында ҚКП Полудень аудандық комитетінің бюросы «Красное знамя» колхозының трактор бригадаларында саяси-бұқаралық және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту жұмыстарының жайы туралы арнаулы мәселе қарады. Бюро бұл жұмыстарды жүргізуде колхоз партия ұйымының кейбір жетістіктеріне жеткенін атап көрсетті. Мәселен, бригадалардың барлығы да жылжымалы вагоншалармен қамтамасыз етілген. Олардың ішіне радиоқабылдағыштар, музыка аспаптары, шахмат, дойбы, доминолар қойылған.

Бригадаларға жаңа газет, журналдар мезгілінде жеткізіліп тұрады. Алайда «Красное знамя» колхозының бастауыш партия ұйымының секретары Сичев және Полудень МТС-і партия ұйымының секретары Шевляков жолдастардың саяси-тәрбие, үгіт-бұқаралық жұмыстарының барлық түрлерін әлі де толық пайдалана алмай келе жатқандығын бюро атап көрсетті. Әресе саяси-тәрбие жұмысы трактор бригадалары алдында тұрған нақтылы міндеттермен байланыстырылмай жүргізіледі. Қабырға газет-

терінде, жауынгерлік листоктарда еңбек озаттарының жұмыс тәжірибелері жеткілісіз насихатталады, еңбек өнімділігінің төмен болу себептері ашылмайды. Мұның өзі трактор бригадасында еңбек өнімділігінің нашар болуына әсер еткен. ҚКП аудандық комитетінің бюросы «Красное знамя» колхозында саяси-бұқаралық жұмысты өрістетуге, колхозшылардың, механикаторлардың мәдени-тұрмыс жағдайларын шұғыл жақсартуға бағытталған нақтылы шаралар белгіледі.

Марксизм-ленинизмді өздігінен үйренушілерге көмек

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы — марксизм-ленинизмнің жүзеге асырылуы

Жеңімпаз совет халқы коммунистік қоғам орнату жолында толық сеніммен алға басып келеді. Оны бұл ұлы мақсатқа бас тап, жеңістен-жеңіске жеткізіп келе жатқан марксизм-лениндік идеямен қаруланған Коммунистік партия болып отыр. Халқымыз өзінің Коммунистік партиясын заманымыздың ақыл-ойы, өкпідан мен абройы деп біледі. Өйткені, совет халқының бүкіл тарихи жеңістері Коммунистік партияның өсімімен байланысты. Оның басшылығымен біздің көп ұлтты еліміз социализмнің жеңісіне жетті. Қазіргі уақытта коммунизм құрылысы ісінде тамаша табыстарға ие болуда.

Коммунистік партия өз қызметінде қоғамның экономикалық дамуының объективтік заңдарын, қоғамның материалдық тіршілігінің дамуының мезгілі жеткен кезеңін орындауды, халықтың мүдделерін негізге алады. Оның күші мен жеңімпаздығының өзі де осында.

Коммунистік партия бүкіл жұмысын марксизм-ленинизмді өрлеу беруге, оның ұлы идеяларын жүзеге асыра беруге жұмылдырады. Партиямыздың бүкіл тарихы — марксизм-ленинизмнің жүзеге асырылуы, марксизм-ленинизм идеялерінің салтанат тұруы. Партия съездерінің, конференцияларының және СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының қаулыларын оқып, білу біздің партиямыздың марксизм-лениндік теорияны алға қалай дамытқанын, оны социалистік революция жасауда және елімізде социалистік құрылыс орнатуда өмірге творчестволықпен қалай қолданғандығын көрсетеді.

Коммунизмнің негізгі идеяларын салушылар Маркс пен Энгельс қоғамның даму заңдарын зерттей келіп, капитализм де бурынғы қарағандық экономикалық формациялар сыяқты жойылады, оның орнына ең жоғарғы қоғамдық құрылыс — социализмнің орнайтыны күмәнсіз деп көрсетті.

Олар қоғамды социализм негізінде қайта құратын күш революцияшыл пролетариат екенін, оның осы ұлы мақсатын орындаудағы қызыл төскі таптық күресіне басшылық жасайтын партиясының болуы қажеттігін дәлелден берді.

Маркс пен Энгельстің партия туралы іліміне сүйене отырып, пролетариаттың алдындағы тарихи міндетті орындау үшін ұлы Ленин Россияда жұмысшы табының марксизм-партиясын құруды қолына алды. Ленин марксизм тарихында алғашқы рет жұмысшы табының революцияшыл партиясы туралы тұлғалы ілім жасады. Данышпан Ленин партия пролетариаттың басшы ұйымы, пролетариат диктатурасы жолындағы, коммунизм жолындағы жұмысшы табының қолындағы негізгі құрал болып табылатындығын, ол жұмысшы табының марксизм теория мен қоғамның даму заңдарын, тап күресінің заңдарын білумен, революциялық қозғалыс тәжірибелерімен қаруланған алдыңғы қатарлы ұйымдасқан отряд екенін ғылым тұрғыдан дәлелдеді. Ол сонымен қатар партия өз қатарының бірлігін сақтау үшін өзінің барлық мүшелерінің бірдей бірлесуі тәртіпті күшейтуі керек екенін, партия өзін оппортунистерден тазартып отыру арқылы нығайтыны ерекше көрсетті. В. И. Ленин осындай жаңа типті марксизм партияның идеялық, ұйымдық, тактикалық теориялық негіздерін жасап шығарды.

Россияда марксизм партия халықаралық жұмысшы қозғалысының бұрылыс кезеңінде құрылды. Ол кез капитализм дамуының жоғарғы және соңғы сатысына, империалистік сатысына көтерілген, паразиттік және өліңшіріп бара жатқан капитализмге айнала бастаған дәуірі болатын. Ал Россия бұл дәуірде империализмнің барлық қайшылықтарының түйіскен жері болды. Мұнда помещиктер мен капита-

листердің үстемдігін құлатып, социализм орната алатын күш пролетариат өсіп, жетілуде болды. Елде орасан зор халықтық революция басталды. Революцияны шаруалармен одақтасқан, дүние жүзіндегі ең революцияшыл тап пролетариат бастады. Сөйтіп, XIX ғасырдың бас кезінде дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығы Россияға ауысты. Россиядағы толғағы жеткен революцияның, империализм дәуіріндегі тұңғыш революцияның маңызы аса зор болды. Орыс революциясы халықаралық сыйпат алып, бүкіл империализмнің негізіне соққы болатын болды.

Бұл ұлы тарихи міндетті орындау үшін патша өкметін, ал кейін капитализмді де құлатып, пролетариат диктатурасын орнатуға жұмысшы табын батыл және шешуші күреске жетектей алатын жауынгер, революцияшыл, жаңа партия құру міндеті өте шұғыл қойылды. Мұндай партия құрылды да. Бұл — ленинизм партиясы.

Партияны құру олайға түсе қойған жоқ. Партияны құру жолындағы үлкен кездері «экономистер» мен олардың жақтаушылары болды. Сондықтан бытыраңқы марксизм үйірмелер мен топтарды бір партияға, жаңа тұрпатты партияға біріктіру, сөйтіп «экономистерден» іргені ашып алу, олардың оппортунистік теориясы мен практикасын өшкереу қажеттігі туды. Мұндай зор міндетті аброймен атқарған «Искра» газеті болды. «Искра» партияны құрудың лениндік жоспары үшін күресті күшейте отырып, В. И. Лениннің басшылығымен «экономистердің» оппортунизмін талқандады. 1902 жылдың аяғында жергілікті партия комитеттерінің көпшілігі «экономизммен» біржолата арасын ашып, «Искраның» жағына шықты. Жұмысшы табының революцияшыл авангардын өз жағына аударып алған және өз тереңіне топтастырған «Искра» Россияда дербес пролетариат партиясын құруды,

оның съезін шақыуды дайындап берді. 1903 жылғы 30 июльде ашылған РСДЖП-ның II съезінде жұмысшы табының жауынгерлік, революциялық партиясының II Интернационалдық, социал-демократиялық принципті партиялардан өзгеше, жаңа тұрпатты партияның негізі салынды, ұлы Лениннің Россияда пролетариаттың революциялық партиясын құру жолындағы алып күресі осы II съезде тарихи, табысқа жетті. II съездің тарихи маңызы — онда Лениннің басшылығымен «Искра» жасаған марксизм партияның идеологиялық принциптерінің жеңгендігінде. Съезд марксизмнің «экономика» жеңуін баяндай отып, жұмысшы партиясының революциялық программасын қабылдады. Большевиктердің саяси тобының құрылуының және Лениннің идеологиялық принциптерінің жеңуінің Россияда марксизм жұмысшы партиясының дамуы нығайту үшін зор маңызы болды. Лениннің съезде оппортунистердің Россиядағы жұмысшы қозғалысын буржуазиялық идеологияға бағындыру, реформизм жолына бұрып өкетеу әрекеттерін талқандауының халықаралық жұмысшы қозғалысының дамуы түсуіне де игі әсері тиді. РСДЖП-ның II съезі бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысының ерши түсуіне жаңа беталыс болды.

Сол кезден бергі тарихи оқиғалардың бүкіл барысы, Россиядағы үш революцияның тарихы Коммунистік партияның еліміздегі бірден-бір жеңіш революциялық күш екенін көрсетті. Революциялық күрестердің барлық кезеңдерінде Коммунистік партия өзінің саясатын, стратегиясы мен тактикасын белгілегенде марксизм-ленинизмнің жеңімпаз идеясын басшылыққа алып отырды. Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның жақындауына байланысты жұмысшы табының партиясына осы революциядағы өз тактикасын жасау қажет болды. Ленин бастаған большевиктер халық революциясын барынша өрлету және оның жеңуіне жету, еңбекшілердің патша үкметі мен помещиктердің езюінен құтқару бағытын ұстады. Лениннің теориялық және тактикалық бұл нұсқауы партияның III съезінде қабылданды. Большевиктер, мұның керісінше, революцияны доғаруды көздеп, көтеріліс арқылы самодержавиені құлатуға қарсы болды,

келеді. «Заветы Ленина» колхозында әр адам бір күнде 4 центнер астық, ал Калинин атындағы колхозда әрбір адам бір күнде 2,8 центнер астық өндірген.

Топырақ баптаудың жаңа системасын жоғары бағалап, қант қызылшасының Бүкілодақтық ғылыми зерттеу институтының директоры Бузанов жолда институттың топырақ баптаудың жаңа системасын творчестволықпен қолданудың тәжірибелер схемасы мен программасын жасағаны хабарланды. Селекциялық 12 станцияда, сондай-ақ еліміздің әртүрлі аймағындағы қызылша егетін колхоздар мен совхоздарда тәжірибелер жасалды.

«Мақтарал» совхозының бас агрономы Паралеев жолда сөз алды.

— Біздің совхозымыз Оңтүстік Қазақ-

стандарты «Заветы Ленина» ауылшаруашылық артелінің үлгісі бойынша мақтаның екі сортынан тұқым қоры жасалып жатқанын айтты. Бұл мақташылардың көктемгі егіс кезінде мақтағы жағдайға қарай егуіне мүмкіндік береді.

Жыйналғандар Курган облысының «Заветы Ленина» колхозының председатели Просвиринов жолдастың сөзін ықласпен тыңдады.

Ол шаруашылықта топырақ баптаудың жаңа системасының қолданылуы нәтижесінде ауылшаруашылық даңқтарының шығымдылығы жылына жылыға артып келе жатқанын хабарлады.

Жарыссөзде Чуваш АССР-нің «Дружба» колхозының председатели Григорьев жолда, және басқалары сөйледі.

пролетариаттың гегемониясы үшін емес, либералдық буржуазияның гегемониясы үшін күресті, шаруалармен одақ жасаудың орнына буржуазиямен одақ жасады, сөйтіп келісімшарттың батығына белшесінен батты. Іс жүзінде меньшевиктер буржуазияның жұмысшы табының ішіндегі агенті болды.

В. И. Ленин өзінің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген тарихи еңбегінде буржуазиялық-демократиялық революциядағы пролетариаттың гегемондық идеясын дамытып, мұны ғылыми дәлелден берді. Ол революцияның жеңісі болуының негізгі шарты пролетариаттың басшылығы сақталған жұмысшы табы мен шаруалардың одағы деп көрсетті. Патша самодержавиесін орнатудың жеке қарулы көтерілісі делі Ленин. В. И. Ленин буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру теориясын жасап шықты. Бұл социалистік революция туралы теория Батыс Еуропа социал-демократтарының буржуазиялық революция мен пролетарлық революцияның арасы 50-100 жылға созылады дейтін сандырақ теориясымақтарының тасталқанын шығарды. Социалистік революцияның теориясы мен тактикасы партияның апрель конференциясында және VI съезінде партиялық заңдандырылып, партияның практикалық істерінде, Лениннің келесі еңбектерінде дамытылды. Осы тактикамен қаруланған партияның басшылығы арқасында Россия пролетариаты кетей шаруалармен одақтаса отырып, 1917 жылы буржуазияның үстемдігін құлатып, халықтық өкмет — Совет өкметін және социалистік қоғам орнатты. ССР Одағында социализмнің орнауы қадам баласының тарихындағы аса ұлы өзгеріс және ССРО-дағы жұмысшы табы мен шаруалардың бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңісі болып табылады» (БК(б)П тарихының қысқаша курсы 277-278 бетте).

Біздің партиямыз тарихтың ең сұсты және шірленіскен кезеңінің өзінде әрқашан ұлы бірлік, ерлік және рухани күштілігімен көрсетіп отырды, өзінің соңынан халық бұқарасын ерте білді, өзінің қажымас табандылығымен жеңістен жеңіске жетіп отырды. Столыпиндік реакцияның қаратүнек жылдарында да, патшалық жазалау мен қаражүзділік террордың асыққан жағдайында да большевиктер партиясы өз қатарын нығайтып, бұқарамен байланысты нығайтудың ашық және астыртын мүмкіншіліктерін толық пайдаланды. Партия бұл кезде пролетариат партиясын түрлі жолдармен жоғары тырысқан пролетариат жауларына өлтіре соққы беріп отырды.


Совет Одағының Коммунистік партиясы II Интернационалдың оппортунистік партияларымен, партияның ішіндегі түрлі жаулар мен аяусыз күрес жүргізудің барысында жетіліп, жеңімпаз күшке айналды. 1912 жылы Прагада болған Бүкілроссиялық конференцияда РСДЖП-дан меньшевиктерді — жойымпаздарды — қуып шығып, большевиктердің дербес-партия болуы марксизм-ленинизмнің дақтық жеңісі болды.

Революцияның лениндік теориясымен қаруланған, марксизмге адал Коммунистік партия пролетариаттың таптық күрестеріне шеберлікпен басшылық жасап, оны патшалыққа және буржуазияға қарсы шешуші күреске дайындады.

В. И. Ленин марксизмді творчестволықпен дамыта келіп, капиталистік елдердің біржөкі дамуына себепті империализм дәуірінде социалистік революцияның, социализмнің алғашқыда аз ғана немесе жеке бір елде жеңуі мүмкін екендігін дәлелдеді. Бұл лениндік теория жеке елдердің пролетарларына революциялық келешекті көрсетіп берді, капитализмге қарсы күресте олардың революциялық инициативасын арттырды. Лениннің бұл теориясын жаңа тарихи жағдайларға сәйкес дамыта отырып, И. В. Сталин бір елде коммунизм жеңе алады деген қорытынды жасады. Мұның өзі бүкіл жер жүзінде еңбекшілерін революциялық қозғалысқа, қанаушылардан билікті өз қолына алу жолындағы күреске тағы да жігерлендіре түсті.

Ленин пролетариат диктатурасын таптық қоғамның түсындағы демократияның жоғарғы түрі екенін көрсетті. Ал, пролетариат диктатурасының мемлекеттік түрі — Совет өкметін ашты. Мұның өзі марксизм теориясы мен практикасында ғылым жүзіндегі асқан жаңалық болды. Сонымен партия мен жұмысшы табы саяси ұранмен қаруланды, ол социалистік революцияның жеңуін жеңілдетті. Партия Ленин-

Мал қыстатуға барлық жағынан үлгілі әзірленейік!



СУРЕТТЕ: Жамбыл атындағы астық совхозының жұмысшылары үшін тұрғын үйлер. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Әрбір колхозда мол жемшөп қоры жасалсын

Қысқы маусымда мал қонының төмен желеуіне және олардан алынатын өнімнің жаағы маусымдарыдан кем болмауына жетіу үшін малды құнарлы азықпен қамтамасыз ету негізгі шарт. Облыстың алдыңғы қатарлы колхоздары мал шаруашылығын өркендетудің бұл ерекшеліктерін ескере отырып, қоғамдық малға құнарлы азықты мол дайындады. Бұл жөнінде мысалға Ленин ауданының «Троинка Ильича», «Бірлік», Преснов ауданының «Красный партизан» колхоздарын алуға болады. Бұларда жемшөп дайындау жоспары тонна есебімен едәуір артық орындалды.

Көп колхоздар малға сүрленген азықты көптен дайындау мақсатымен бұл іске ерекше назар аударып келеді. Ленин ауданындағы «Мир» колхозының колхозшылары шөп сүрлеуге әзірлікті ерте қалта алған еді. Бұл іске тыңғылықты және кезінде жүргізілген әзірлік —кәзір колхозда шөп сүрлеу жоспарының артығымен орындалуына мүмкіндік берді.

Бірақ мал азығын дайындауда мұндай алдыңғы қатарлы колхоздардың саны біреуі ғана. Көптеген колхоз басшыларының іске жете көңіл бөлмеулерінен осы уақытқа дейін облыста мал азығын дайындау жоспары орындалған жоқ. Шынында облыстың қай ауданында болсын жемшөп дайындау жоспарын толық орындап шығуға мүмкіншілік жеткілікті. Мәселе сол мүмкіншіліктің толық пайдаланылмауында болып отыр.

Приемші ауданындағы Ворошилов атындағы колхозда (председателі Белоус жолдас) жемшөп дайындау жоспары небары 35 процент, ал, шөп сүрлеу жоспары 36 процент ғана орындалған. Жемшөп сү-

лді шабындықтардағы пішен деркесінде шабылып жыйналған болса, онда колхоз жемшөп дайындау жоспарын әлде қашан толық орындаған болар еді. Амақ аңашна, колхоз басшылары шабындықтардағы пішеннің кезінде шабылып, жыйналуын қамтамасыз етпеді. Олар бұл істе жайбарақаттыққа салынды. Мұның ақыры колхозда мал азығын дайындау жоспары небары 50 процент ғана орындалуына әкеліп соқты.

Полудень, Соколов және Петропавл аудандарының колхоздары да мал азығын дайындауда облыста мүлдем артта қалды. Аудан, колхоз, МТС басшылары бұл кемшілікті дереу жою үшін әрбір колхоздың шөп шабуға күнбе күн қатысып отыруын ұйымдастырулары қажет еді. Бірақ, олар оұл міндетті әлі күнге дейін орындай алмай отыр.

Облысымызда егін жыйнау аяқталды. Кәзір колхоздардың егіндік учасоктерінде мыңдаған, тонна сабан мен топан жатыр. Егер бұл кезінде майланып, тасылып алынса, мал азығы базасының толықтырылуына келеді үлес қосады. Бірақ, Полудень, Октябрь және Совет аудандарының бірқатар басшылары бұл іске мән бермей, сабан мен топанды аңызға қалдырып келеді.

Малға қызылшаны, картопты көптен әзірлеу мал қонын жақсартып, оның өнімін арттырады. Олай болса әрбір колхозда қызылша мен картопты дайындап, оларды сақтайтын орындарды кәзірден бастап дайындаған дұрыс.

Облыс колхоздарында шөп сүрлеуді кезінен өрістетудің жаңа мүмкіншіліктері туды. Ол—картоп және овоцтардың қалдықтарын жыйнап, оны сүрлеу болып саналады. Бұл үлгілі және өнімді әзір-

Жан-жақты өркендеген СОВХОЗ

Булаев ауданы, Чистов совхозы облыстың ең ірі астықты совхоздарының бірі болуымен қатар, мал шаруашылығында да үлгілі көрсеткіштерге жетіп отырған озат шаруашылық. Мұнда мал азығы үшін егілген дақылдардың көлемі жыл санап ұлғайып келеді.

Совхозда мал басы 1940 жылмен салыстырғанда үш еседен аса өсті. Кәзір мұнда 11 мыңнан аса мал бар. Оның ішінде тек сауын сыйырлардың өзі 800 бас.

Барлық түліктің өсумен бірге олардың тұқымы асыданандырыла түсеуде. Сондықтан мал шаруашылығынан алынатын өнім мөлшері үздіксіз өсіп келеді. Мысалы, совхоз бойынша орта есеппен 1 октябрге дейін әр сауын сыйырдан 2614 литрден сүт алынды. Бұл өткен жылы осы уақыттағы алынған өнімнен 419 литрден, ал соғыстан бұрынғы бір сыйырдан жыл бойына алынған өнімнен 387 литрден артық.

Көй тұқымының асылдануына байланысты үстіміздегі жылы совхоз орта есеппен әр қойдан жоспар бойынша 3,76 килограмм орнына, 4,03 килограмнан жүн алды. Бұл жүн тапсырудың жылдық жоспарын асыра орындауға жағдай жасады. Оның үстіне совхоз мемлекетке тек биязы және жартылай биязы жүн өткізді.

Совхоздардың мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстар толық механикаландырылған. Екі сауын сыйырлар табынында сүт сауу электр агрегаттары арқылы жүргізіледі, 3 табында автоматты суарғыштар орнатылып, ондаған мал қораларына сапалы жолдар салынған. Үш азық буландырғыш жұмыс істейді. Міне, мұның барлығы мал шаруашылығынан алынатын өнімнің мөлшерін артта түсеуіне, оның өзіндік бағасының төмендеуіне мүмкіншіліктер жасады. Сондай-ақ өнімнің сапасын арттырды.

Осының нәтижесінде совхоз 15 сентябрьде тоғыз айлық сүт тапсыру жоспарын 113,2 процент етіп асыра орындады. Сонымен бірге өнімнің өзіндік бағасын арзандату жолында елеулі табыстарға жетісті. Екі айдан жоғары жастағы тораптардың қосқан салмағының әрбір центнері жоспар бойынша 645 сом болса, совхозда бұл 538 сомға түсіп отыр.

Мал шаруашылығындағы жұмыстардың түгелдей механика күшімен жүргізілуімен бірге, совхозда мал басын аман сақтаудың және мал шаруашылығы өнімдерін мол алудың басты шарты — мал азығы қорын көптен дайындау ісі үлгілі ұйымдастырылған. Өткен жылы совхоз коллективі әрбір сауын сыйырга 7 тоннадан құнарлы азық және басқа да ірі сабақты азықтар дайындады. Алдымыздағы жылы малды қыстан күлді және сабанмен ө-

Оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуға барлық жағдай жасалсын

Еліміздің шарықтап өскен халық шаруашылығына озат техниканы жете меңгерерлік маман жұмысшы кадрлары керек. Сондықтан да партияның XIX съезінің қарарларында жалпыға бірдей орта білім алуға көшу және политехникалық мұдты кең көлемде жүргізу атап көрсетілген болатын. Мектептер жоғары оқу орындары үшін адамдар дайындап қана қоймай, өнеркәсіптер мен ауыл шаруашылығының болашақ маман жұмысшыларын да көптен дайындауға тиіс.

Мектеп жасындағыларды оқуға түгел тарту үшін облысымыздағы мектептердің саны жыл сайын көбейе түсіп келеді. Тек соңғы екі жылдың ішінде 16 жеті-жылдық, 14 орта мектеп ашылды. Бұрыннан келе жатқан 12 бюджеттік интернаттарға қосымша 9 қоғамдық интернат ашылып, оларға жүздеген жаңа тәрбиеленушілер қабылданды. Қоғамдық интернаттар ұйымдастыру жұмысы, әсіресе, Совет ауданында үлгілі жүргізілді. Аудандағы бұрынғы 3 бюджеттік интернат кеңейтіліп, жаңадан 3 қоғамдық интернат ашылды. Сол сияқты, Булаев ауданында 3, Мамлют ауданында 1 қоғамдық интернат ашылды. Интернаттарда оқушылардың сабаққа тыңғылықты әзірленіп, көңілді дем алуларына барлық жағдайлардың жасалуы қарастырылған.

Облысымыздың мектептерінде оқу жылын ұйымшылдықпен бастауға барлық мүмкіншіліктер бола тұрса да, кейбір ауданның мектептері оқу жасындағы балалардың мектепке түгел тартылмай қалуына жол берді. Мәселен, Ленин ауданында (оқу бөлімінің меңгерушісі Еремис жолдас) 67 бала, Приемші ауданында (оқу бөлімінің меңгерушісі Гомолин жолдас) 79 бала, Соколов ауданында (оқу бөлімінің меңгерушісі Маслова жолдас) 59 бала мектепке тартылмай қалған. Бұл фактілер кейбір ағарту қызметкерлерінің балаларды мектепке тарту сияқты маңызды мәселеге салқын қарағандығын көрсетеді. Олар оқушылардың мектепке түгел келуі үшін қажетті жағдайларды туғызып, ата-аналар арасында жұпелі түсінік жұмыстарын жеткілікті жүргізбеген.

Аудандық оқу бөлімдері мен мектеп директорлары бюджетті интернаттар мен қоғамдық интернаттардың жұмыстарын жақсартып, оларға өте қажет еткен оқушылар ғана қабылдауының қатаң бақылаулары тиіс. Мектептерде жалпыға бірдей оқу қоры ұйымдастырылып, оны оқуға желулеріне материалдық жағдайла-

ры жеткіліксіз оқушыларға көмекке пайдалану керек. Алыс учасоктерде тұратын еңбекшілер балаларының суық күндерде сабақтан қалып қоймауы үшін оларды көлкіпен қамтамасыз етіп отыру колхоз председателдерінің маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

Облысымызда жаңадан 12 совхоз ұйымдастырылуына байланысты тағы бірнеше мектептер ашылуға тиіс еді. Октябрь ауданындағы Тимирязев атындағы совхозда жетіжылдық мектеп, қалғаны 11 совхозда бастауыш мектептер ұйымдастырылды. Совхоз басшылары мектептерді оқу жылы басталғанша арнаулы үйірмен қамтамасыз етуге міндетті бола тұрса да, мектептер үшін үйір салуды деркесінде ұйымдастырмады. Соның салдарынан бұл мектептер жұмыс істеуге қойайсыз үйірлерге орналастырылып отыр. Ал, кейбір мектептердің шаруашылық жұмыстарына қаржы бөлінбеген. Мұндай жағдай, әсіресе, Октябрь ауданының жаңадан ашылған мектептерінде орын алған. Бұл мектептерде қаржы болмағандықтан техникалық қызметкерлерге еңбекақы төленбеген, отын дайындау үшін, жарықпен қамтамасыз ету үшін қаржы жетіспейді. Мәселен, Докучаев атындағы совхоздың мектебін қаржыландыру жөнінде поселкелік Совет смета жасап, оны аудандық Советке жіберген. Ал, аудандық Советтің председателі Мусин жолдас бұл мәселені шешу аудандық Советтің міндеті бола тұрса да оны оқу бөліміне жіберген. Мұндай жауапсыздықтың салдарынан кәзір Докучаев атындағы совхоздағы мектеп қаржысыз қалып отыр.

Жаңадан ұйымдастырылған мектептерді көрнекі құралдармен, тәжірибе аспаптарымен қамтамасыз етуге облыстың бұрынғы мектептері көп қамқорлық жасай алады. Жақында қаладағы Ленин, Калинин атындағы, № 3 және № 4 орта мектептер, педагогикалық училище коллективтері игілікті бастама көтерді. Олар жаңа совхоздар мектептері үшін жүздеген сомын көрнекі құралдарын бөлді. Бұл бастаманы облысымыздың барлық мектептерінің қызметкерлері үшін қалаалық және аудандық оқу бөлімдері кең түрде түсінік жұмыстарын жүргізуге міндетті.

Быйғығы оқу жылында алғашқы рет енгізіліп отырған жаңа программада оқушыларды практикалық жұмыстарға үйрету ісіне көп көңіл бөлінген. I-IV-ші класстарда қол еңбегі сабағы енгізіліп, V-ші класстарда тәжірибе учаскалары мен қол-

өнер мастерскояларында жұмыс істеуге арнаулы сағаттар бөлінді. Еңбек сабақтарын жүргізудің сапасын жақсарту үшін, мектеп директорлары оқытушылардың іздене отырып жұмыс істеуін бақылап, олардың жұмыстарындағы кездескен кемшіліктерді дереу жоюға көмектесіп отыруға тиіс. Мектептер тәжірибе учасоктеріне керекті жермен қамтамасыз етіліп, оларды қамқорлыққа алған өндіріс орындары тәжірибе жұмыстарына керекті әртүрлі аспаптар жасап берудері керек. Бастауыш мектептер оқытушыларының еңбек сабақтарын жүргізуге арналған семинарларын өткізіп отыру — аудандық оқу бөлімдерінің есте сақтайтын ісі. Еңбек тәрбиесі сонымен бірге әдіс ауыстыру кеңестерінің де негізгі мәселесі болуға тиіс.

Жаңа программаның тағы бір ерекшелігі —программадағы маңызды кем материалдар алынып тасталды. Бұл маңызды материалдарды оқушылардың тереңірек ұғынуына және оны практикалық жұмыстармен байланыстырып отыруға мүмкіншілік береді. Оқу жылы басталғалы бір айдан астам уақыт өтсе де кейбір оқытушылар жаңа программамен жете танысып, оның маңызына әлі толық түсінбеген көрінеді. Мәселен, қаладағы № 6 орта мектептің тарих пәнінің оқытушысы Синильникова жолдас өткен жылы қысқартылған материалдарды да түсіндірген. Ал, мектеп директоры және оқу ісінің меңгерушісі оның сабақ беруіне ешқандай бақылау жасамаған.

Жаңа программаларды толық меңгеруді үлгілі түрде ұйымдастыру барлық оқытушылардың, мектеп директорлары мен қалаалық, аудандық оқу бөлімдері қызметкерлерінің құрметті міндеті. Оқытушыларға методикалық көмек көрсету жақсарғыш түсуі керек. Аудандық оқу бөлімдері мектептермен іскер байланыс жасап, консультациялар өткізу, методикалық әдебиеттермен қамтамасыз ету арқылы мұғалімдерге теориялық және практикалық көмекті күшейту қажет.

Облыс мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарын жақсарту беруге партия, совет орындары да ат салысып, жастарымызды коммунистік рухта тәрбиелеп, оларға тығнақты білім беруде мектептеріміздің тыбысты жұмыс істеуіне толық жағдай туғызуға міндетті.

А. СЕЙТБЕНОВ,

Облыстық оқу бөлімі мектеп бөлімінің меңгерушісі.

Жаңа совхоз поселкесі

Булаев совхозында тұрғын үйлер салуға мемлекет көп қаржы, құрылыс материалдарын берді. Карпов, Сафонов, Тудупов және басқа жұмысшылар семьяларымен кәзір өз үйлерінде тұрады.

Дайын үйлерге орналасушыларды белгіленген совхоз директоры А. Ф. Перженер алғаш рет Ивановтың семьясын атады. Міне, Олейниковтардың екі бөлмесі па-

құрылыс жұмыстарын қызу жүргізе отырып, жас бөбектерді де естен шығарма- жоқ. Жаңа оқу жылына дейін мектеп үйі, парта тақталар, оқулықтар мен қол-

лай бола тұрса да, мұнда соңғы кезде шөп шабу мүлдем тоқтатылған. Мал азығын дайындау жоспарының орындалуын қамтамасыз ету үшін колхоз басшылары егіннің сабаны мен топанын жыйнауға ерекше назар аударулары керек еді. Мұнда бұл іске де көңіл бөлінбей отыр. Осы себепті колхозда егіннің бірде-бір гектар сабаны маяланған жоқ. Ол олма, колхозда кейбір шабындықтардың шөбі маяланбастан кереде жатыр. Бұдан екі ай бұрын колхозда 10 гектар бидайлық шөбі шабылған болатын. Колхоз басшылары бұл шөпті жыйнау, маялау жұмыстарын кезінде ұйымдастырмады. Осының салдарынан ол жауынға тиіп шіріп кеткен.

Осы аудандағы «III Интернационал» колхозының шабындық жері басқа колхоздарға қарағанда әлде қайда көп. Егер

да жыйналмастан адызда қалуда. Мұндай кемшіліктерге жол беру—мал азығының базасын толықтыруға елеулі нұқсан келтіреді. Сондықтан әрбір колхозда картоп сабақтары мен овощ қалдықтары түгелінен жыйналып, оның сүрленуі ұйымдастырылуға тиіс.

Шөп шабуды кеңінен өрістеткен, сабан мен топанды жыйнауы үлгілі ұйымдастырған, картоп, овощ қалдықтарын жыйнап, оны сүрлеген жағдайда ғана жемшөп дайындау жоспарын толық орындап шығуға болады. Бұл міндеттің мінеіз жүзеге асырылуына жетісу колхоз, совхоз МТС басшыларының көзіргі басты міндеттері болып саналады.

С. УДОВЕНЧУК,
Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас агрономы.

шығу үшін көзіргі өзінде жоспарлы құнарлы азық түгел дайындалып, 4 мың тонна жем шөп сүрленді.

Совхоз мал қыстатуға барлық жағынан тыңғылықты әзірленуде. Көзіргі совхоздағы мал қоралары түгел жеңіл және күрделі жөндеуден өтті. Қол жеткен табысты баиянды ете отырып, алдағы жылы да сыбырлардан сүтті көптеп алу үшін сауыншылар Барохина, Фель және Титова жолдастар аянбай еңбек етуде.

Совхоз мал өсірушілерінің өндіріске ғылым мен тәжірибенің жаңа табыстарын пайдалана отырып, алдағы жылы да зор табыстарға ие болатынына және совхозды облысымыздағы бірден-бір жоғары рентабельді шаруашылыққа айналдыратынына сенім зор.

ЗООТЕХНИК С. СУТЮШЕВ.

нің Апрель тезистерін басшылыққа ала отырып, жұмысын табы мен кедей шаруаларды социалистік революцияға, пролетариат диктатурасының жеңісіне бастады. Ұлы Октябрь революциясының жеңісі пролетар революциясының лениндік теориясының жүзеге асуы болды.

Ол қызметінің басталуынан бері Коммунистік партия еңбекші халықтың бостандығы мен бақыты жолындағы күрестің туын жоғары ұстап, халқымыздың игілікті жұмыстарына қызмет етіп келеді. Коммунистік партия интервенттердің шабуылдарын және ішкі контрреволюцияның бүліктерін тойтарған совет халқының азамат соғысы жылдарындағы жеңістерінің ұйымдастырушысы болды.

Совет халқының Октябрь революциясынан нақ бүгінгі күнге дейін көшкен жолдары Маркс—Энгельс—Ленин—Сталин туы астында, Коммунистік партияның басшылығы арқасында қол жеткен даңқты тарихи табыстарының жолдары болып табылады.

Еліміз социализм құрылысына кірісе бастаған кезде Коммунистік партияның алдына жаңа міндет жүктелді. Бұл міндетті дұрыс шешудің кілті маркстік-лениндік теорияны творчестволықпен қолданып, оны нағызға беруге байланысты еді. Өйткені социалистік құрылыстың даму жолдарын ғылыми негіздеп, социалистік революцияның дами беруін іске асыратын, экономикалық базисті және оған сәйкес қоңдырманы жасай алатын, социализм негізінде қоғамдық өмірді революциялық жолмен қайта құра алатын партия мен совет мемлекетінің саясатын жасау керек болды. ССРО-да социализмді құрудың мұндай ғылыми проблемасын біздің партиямызға жасап берген ұлы Ленин болды. Ленин елімізде толық социалистік қоғам орнатуға не керектің бәрі бар екенін дәлелдеді.

ССРО-да социализм орнатудың лениндік жоспары Коммунистік партияның ұйымдастырушы және бағыттаушы ұлы қызметі және оның даналық басшылығы арқасында, партияның саясатын бірауыздан қолдап отырған совет халқының ерлік еңбектері арқасында толық жүзеге асырылды. Коммунистік партия жұмысын табы мен шаруалардың одағын нығайтып, еліміздің сан миллион еңбекші бұқарасын са-

налы творчестволық еңбекке жұмылдырды. Лениннің елді социалистік индустрияландыру, ауыр өнеркәсіпті барынша өркендету, ауыл шаруашылығын социалистік немізде қайта құру, мәдени революция жасау жоспарлары ойдағыдай жүзеге асырылды. Социалистік құрылыстың барысында жұмысын табын лениндік жолдан тайдыруға тырысқан опасыздар мен тізе бүгуншілерді—троцкийшілерді бухариншілерді ұлтшыл-уклоншыларды—талқандап, біздің партиямыз халық жауларына қарсы күресте ленинизмді қорғап, оның салтанат құруына жеткізді. Біздің ның қанауы түпкілікті жойылды. Социалистік қанаушы таптар, адамды адамдық құқығын жеңілдез өмірлік күші соғыстан бұрынғы бесжылдықтарда және Ұлы Отан соғысы жылдарында айқын көрінді.

Партия 1925 жылы елді индустрияландыруға бағыт алған болса, сонан бергі 28 жылдың ішінде елімізде өнеркәсіп өнімдерін шығару 29 есе өсті, социалистік Отанның ұлан-байтақ жерлерінде индустриялы жаңа орталықтар құрылды. Еліміздің бейбіт экономикасының күденіп, көркеюінің және қорғанысмаздық қуатының негізі—ауыр өнеркәсіп палықтап өсуде. Тек 1953 жылдың өзінде 38, миллион тонна болат, 320 миллион тоннадан аса көмір, 52 миллион тоннадан деп аса мұнай, 133 миллиард киловатт сағат электр қуатын өндірілді. Өткен жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі соғыстан бұрынғы 1940 жылдан 2,5 есе артты. Егіс көлемінің және негізгі ауылшаруалық дақылдарының шығымдылығы соғыстан бұрынғы дәрежесінен анағұрлым асып түсті. Халық шаруашылығының басқа салалары да өркендеп өсті және өсуде. Социалистік мемлекеттің күшқуатының негізі болып табылатын жұмысшы табымен шаруалар одағы бұрынғы дан нығая бермекші.

Коммунистік партия Россия халықтарын көп расырық әлеуметтік және ұлттық езуден азат етті, ұлан-байтақ Отанымызды мекендейтін барлық ұлттарды тұрысқан бір семьяға біріктірді. Ұлттар арасындағы экономикалық және мәдени теңсіздік келмесе жіберілді. Олардың түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті қалыптасып өркендеді.

Партияның лениндік-сталиндік ұлт саясатының жарқын салтанатын бұрынғы экономикалық мешеу елден алдыңғы қатарлы, ірі өнеркәсіпті елге айналып отырған советтік ұлт республикаларының өмірінен көруге болады. Мәселен, қазақ халқының өмірінде бұрынғы экономикалық және мәдени мешеуліктен көзіргі із де қалған жоқ. Қазақстан социалистік құрылыстың арқасында ең ірі өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлы техникамен қаруланған елге айналды. Қазақ ССР-ның ірі өнеркәсібінің жалпы өнімі 1953 жылы 1913 жылға қарағанда 59,5 есе, оның ішінде өндіріс құралдары 156,2 есе, тұтыну заттары 24 есе артты. Республикамызда ауыр өнеркәсіп орындарының қарыштап өсуімен қатар, халықты тұтыну заттарын шығаратын өндіріс орындары да кеңінен дамыды. Өндірістік күштің дамуында аса зор роль атқаратын он мыңдаған километр теміржол желісі тартылды.

Республикамыздың ауыл шаруашылығы да аса күрделі өзгерді. Коллективтендіру саясатының жеңісі нәтижесінде қазақ аулында нағыз революциялық төңкеріс болды. Быйлығы жылдың өзінде МТС-тердің трактор паркі екі есе, совхоздарда— үш есе көбейтілмекші. Ауылшаруашылық даласында 100 мыңнан астам механизатор кадрлары жұмыс істейді. Егіс көлемі ұлғайта түсуде, елімізде таяудағы екі-үш жылдың ішінде игерілетін 28-30 миллион тын және тыңайған жердің көлемді бөлегі Қазақстанда игеріледі.

Совет өкметі жылдарында Қазақстанда нағыз мәдени революция жасалды. Қазақстан жаппай сауатты, көптеген ұлттық интеллигенциясы бар елге айналды. Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті күдене түсуде.

Совет Одағында социализмнің жеңуі нәтижесінде халықтың моральдық саяси бірлігі, советтік патриотизм және ССРО халықтарының достығы қалыптасып, социалистік қоғам дамуының осындай негізгі қуатты қозғаушы күштері кең өрістеп нығайды.

Көзіргі совет халқы өзінің тілегі мен мүддесін көздейтін СОКП XIX съезінің, сентябрь, февраль-март, июнь Пленумдарының қаулыларын асқан зор жігермен

Ағаш шебері Иван Олейников бұрын Моекваның № 31 құрылыс-монтаж басқармасында жұмыс істеді. Коммунистік партия жастарды тың жерлерді игеруге баруға шақырған кезде комсомолец Иван Олейников бірінші болып, жаңа жерлерде жұмыс істеуге тілек білдірді.

Солтүстік Қазақстанға Иван зайыбы Прасковья мен бірге келді. Олар алғашқы күннен бастап-ақ құрылыс жұмыстарында еңбек үлгісін көрсетуде. Құрамында Иван мен Прасковья және басқа жолдастар бар Мухин бастаған құрылысшылар бригадасы осы жазда 8 пәтерлі екі, төрт пәтерлі үш, екі пәтерлі бір стандартты үйлер құрастырды. Тастан монша, саманнан механикалық мастерской, тыңдағын жайналған алғашқы астық үшін үлкен қойма салды.

орындай отырып, коммунистік құрылыстың аса маңызды міндеттерін жүзеге асыруда. Партияның XIX съезі еліміздің ұлы табыстарының қорытындыларын шығарып, мұнан былай да дами беруінің жарқын болашағын белгілеп, коммунистік құрылысты жүргізудің программасын, оны жүзеге асырудың нақты жолдарын көрсетіп берді. Бесінші бесжылдықтың аяғында, 1955 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі 1940 жылмен салыстырғанда үш есе артады. Бұл бесжылдық жоспардың негізіне халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін барынша жақсарту беру алынған.

Бесінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындау еліміздің социализмнен коммунизмге қарай өрлеуіндегі ұлы қадам болады. Бесінші бесжылдық жоспар да бұрынғы бесжылдықтар сияқты мерзімінен бұрын орындалатыны сөзсіз. Оған совет адамдарының бесжылдықтың 3,5 жылының ішіндегі қажырлы еңбектерінің қорытындылары ақ дәлел.

Біздің халқымыз Коммунистік партияның совет адамдарының өсіп отыратын материалдық және мәдени тілектерін қанағаттандыруға үздіксіз қамқорлық жасап келе жатқанын жақсы біледі. Коммунистік партия мен совет үкметінің жаратылысының өзі халыққа қызмет ету болып табылады. Совет адамының игілігіне, бүкіл совет халқының гүлденуіне қамқорлық жасау—Коммунистік партия үшін ең жоғарғы заң. Партия мен үкметіміз барлық күш-жігерін осы міндеттерді орындауға жұмсап келеді. Елімізде толығымен халық игілігі болып табылатын ұлттық табыс жылдан-жылға өсуде. ССРО да ұлттық табыстың мөлшері 1952 жылы 1940 жылмен салыстырғанда екі есе өсті. Ал, патшалық Россияның ұлттық табысының дәрежесінен 12 есе артық болды. 1953 жылы ұлттық табыс 1952 жылғы мөлшерінен 8 процент артты. Көпшілік тұтылатын товарлар бағасы үнемі кемітіліп, жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы және шаруалардың табысы үздіксіз артуда. Соғыстан кейінгі дәуірде партия мен үкметіміз азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бағасын 7 рет кемітті, осының нәтижесінде совет халқы

тері. Екеуі де жұшыны жыйналған, кірсе шыққысыз, таза, жарық Төрте шағын стол тұр, оның үсті ақ дастарханмен жабылған. Оң жақта тумбочка, одан жоғарырақта ұқыпты жыйналыстырылған кровать.

—Жаңа қоныстарыңыз қалай, жайлы ма,—деген сураққа, олар:

—Жеріміз жақсы, дәулеті мол. Жұмыста бірталай қызыншылықтар да кездесті. Бірақ, оның ең ауыры артта қалды ғой. Міне, совхоз пәтер үй берді, айта орта есеппен 2000-2300 сомнан ақша аламыз. Біз осы жерді түпкілікті қоныс қылуы ұйғарып отырмыз,—дейті ерлі-зайыпты Олейниковтар.

Совхозда түпкілікті қаламыз деушілер көп. Жуырда осы оймен 200-ден астам семья көшіп келді.

Совхоз коллективі тың көтеру және

тертер өзін болып. Совхоздың бастауыш мектебінде 50 га тарта бала оқиды. Оларға 24 жылдық педагогтік стажы бар, орденді мұғаліма Антонина Николаевна Емельянова сабақ береді.

Совхозда электр станциясы жұмыс істей бастады. Ол қоғамдық және тұрғын үйлерге жарық береді. Мұнымен бірге, совхоздың орталық усадебасында қорына 1600 дана кітап бар кітапхана, байланыс бөлімшесі, аурухана жұмыс істейді.

Көзіргі мұнда саманнан асхана, магазин, нан пісіретін үй және жатақхана үйлері салынып жатыр. Комсомолдар мен жастар жексенбіліктер ұйымдастырып, 250 адам сыятың клуб салып іске қоспақ.

Х. РАХМЕТОВ.

жылқы есеппен алғанда бірнеше жүз миллиард сом пайда көрді.

Коммунистік партия мен Совет үкметінің халықтың әл-ауқат, тұрмыс дәрежесін мұнан былай арттырудағы қамқорлығын ССРО Жоғарғы Советінің бесінші сессиясының қарарлары, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысы және партия мен үкметтің кейінгі қарарлары, СОКП Орталық Комитетінің февраль-март, июнь Пленумдарының қаулылары тағы да көрсетеді. Бұл қаулылар мен қарарларда социалистік экономиканы және халқымыздың әлауқатын жаңадан мықтап өркендетудің программасы жасалды. Сонымен таяудағы екі-үш жылдың ішінде біздің еліміздің халықтарының азық-түлік пен халық тұтынатын товарлар жөніндегі үздіксіз өсіп отырған тілегін қанағаттандыру мақсатында күрес жүргізілуде. Бұл міндеттерді орындау елімізде коммунистік қоғам орнатудағы аса зор ігерілеу болып табылады.

Коммунистік партия сонымен бірге совет халқын Коммунистік рухта тәрбиелеу және мәдени дәрежесін арттыра беру мәселесіне әр уақыт аса зор көңіл аударып келеді. Бұл мәселенің, әсіресе, көзіргі еліміздің социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтуі дәуірінде айрықша мәні барлығы мәлім. Партияның идеологиялық жұмысының алға қоятын міндеті қалың көпшіліктің қоғамдық борышты жоғары ұстауға, еңбекке және қоғамдық меншікке коммунистік көзқарас сезімдерін дамыта беру, оларды социалистік мемлекеттің күшқуаты мен қорғанысшылығын нығайта беруге қамқорлық көрсету рухында, совет патриотизмі мен халықтар достығы рухында, партия ісінің жеңілмейтіндігіне берік сенім рухында қандай қызыншылықты болса да жеңуге дайын және жеңе білетін етіп тәрбиелеу болып табылады.

Міне елімізді басқарудағы және басқара берудегі маркстік-лениндік ғылымға сүйенген партиямыздың Орталық Комитетінің коллективтік тәжірибесі мен коллективтік даналық еңгелері осындай.

Партия жеке адамның қасиетіне табыншылық марксизмге жат екенін, бұл маркстік-лениндік коллективтік басшылық принципіне мүлде сәйкес келмейтінін көрсетеді. Коммунистік партия әрбір мәселені

шешкенде объективтік заңға сәйкес, оны жан-жақты салмақтап шешеді. Ол әр уақыт В. И. Лениннің «Кімде-кім халыққа сенсе, кімде-кім жанды халық творчествосының бұлағына бойлап ексе, сол ғана жеңеді, сол ғана өкметті ұстап қалады» (шығармалар, 26 том, 28-бет) деген нұсқауын басшылыққа алып келеді. Партия маркстік-лениндік нұсқауларға сүйене отырып, бұқараның творчестволық талапкерлігін артарапты дамытуда және халықпен байланысын кеңейте түсуде. Ол өзінің іс әрекетінде халыққа сүйенеді. Біздің Коммунистік партиямыздың күші өз қатарының құрыпшай берік бірлігі мен идеялық және ұйымдық топтасқандығында, халықпен тығыз байланыстылығында. Коммунистік партияның төңірегіне топтасқан совет халқы коммунизмінің зәулім үйін салуда. Халқымыз елімізде коммунистік қоғамды құруға керекті барлық жағдайлық бар екенін жақсы түсінеді.

Елімізде коммунистік құрылыстың барысын, бейбіт еңбекті, еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесінің үздіксіз өсуін сыртқы жаулардың қол сұғуынан сақтауды партия әрқашан да өзінің міндетіне алып келеді. Сондықтан да Коммунистік партия өзінің барлық өмірінде халықтар арасындағы бейбітшілікті сақтау және нығайту саясатын қажымастан жүргізіп келеді. Көзіргі уақытта Коммунистік партия жаңа соғысты болдырмау халықтардың бейбіт өмір сүруі, халықаралық шиеленістің бөсеңдеуі және мемлекеттер арасында қалыпты қарнастар орнатылуы үшін күрес жүргізуде. Партия бейбітшілік, демократия және социализмнің қуатты лагерін оған сайын нығайтуды, совет халқының ұлы қытай халқымен, барлық халықтық демократия елдерінің еңбекшілерімен достығын және ынтаны мағын оған сайын күшейтуді өзінің ең аса маңызды міндеті деп санайды және оны іс жүзіне асыруда. Дүние жүзі елдеріндегі миллиондаған адамдар совет елінің бейбітшіліктің жаршысы және бейбітшілік туын ұстаушы деп орынды атайық.

Коммунистік партия бастаған совет халқы коммунизмінің салтанат құруы жолында зор сеніммен, қарыштап алға баса береді.

Ж. АРАЛБАЕВ.

Қытай-совет достығы Қоғамының бесжылдығына

ПЕКИН, 4 октябрь. (СОТА). 5 октябрьде қытай-совет достығы Қоғамының құрылғанына бес жыл толды. Өзі өмір сүрген бес жыл ішінде, кезір Қытайдағы ең бұқаралық ұйымға айналып отырғал, қытай-совет достығы Қоғамы совет және қытай халықтарының арасындағы достықты нығайтуда, қытай еңбекшілерінің қалың бұқарасын ССРО-дағы социалистік құрылыстың тәжірибелерімен, Совет Одағының ғылым және техника саласындағы табыстарымен таныстыруда үлкен жұмыстар жүргізді. Қытай-совет достығы Қоғамына Қытайдың миллиондаған жұмысшылары, шаруалары, ғылым мен мәдениет қызметкерлері, елдің түрлі ұлттарының өкілдері қатысады. Қоғамның коллективтік мүшесі ретінде оған кәсіподақтардың Бүкілқытайлық федерациясы, әйелдердің Бүкілқытайлық демократиялық федерациясы, Қытай жастарының Жаңа Демократиялық одағы және басқалары кіреді.

Қытай-совет достығы Қоғамы және оның Қытайдың қалалары мен провинцияларындағы бөлімшелері бес жыл ішінде ССРО-ның экономикалық және мәдени өміріндегі табыстары жөнінде, ССРО өнер кәсібі мен ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің озат еңбек едістері туралы 18900 мың дана кітап және брошюралар шығарды. Миллиондаған еңбекшілер Совет Одағы туралы лекциялар мен әңгімелер тыңдады, совет кинофильмдерін көрді. Әсіресе ССРО-да болып қайтқан Қытай делегациясы мүшелерінің әңгімелері мен байланыстарын еңбекшілер қызыға тыңдады.

Мыңдаған Қытай еңбекшілері қытай-совет достығы Қоғамының бөлімшелері жанынан құрылған орыс тілінің көпші курстарында оқып, орыс тілін үйренді. Қоғам орыс тілін радио арқылы үйренуді ұйымдастырды. Кәзіргі уақытта орыс тілін радио арқылы 190 мың адам үйреніп жүр.

Голландия мен ССРО арасында мәдени байланысты нығайту айлығының ашылуы

ГААГА, 4 октябрь. (СОТА). Беше Амстердамның қалалық театрында «Нидерландия—ССРО» қоғамы өткізіп отырған Голландия мен ССРО арасындағы мәдени байланысты нығайту айлығының салтанаты ашылуы болды.

Айлықты Қоғамның президенті жазушы Тойнде Фрис қысқаша кіріспе сөзбен ашты, ол екі ел арасында мәдени байланысты нығайтудың және дамытудың маңыздылығын атап көрсетті.

ССРО-ның Нидерландиядағы уақытша елшісі Г.С. Барулин құттықтау сөз сөйледі. Екі ел арасындағы мәдени және экономикалық қатынастардың дамуын атап көрсете келіп, ол совет халқы атынан Голландия халқының бақыты мен бейбіт өміріне тілектестік білдірді.

Салтанатты бөлімнің қорытындысында

Батыс Германияны қайта қаруландыруға қарсы

ПАРИЖ, 2 октябрь. (СОТА). Бұрын хабарланғанындай, жуықта герман проблемасын бейбітшілікпен шешу жолындағы күрестің француздық комитетінің мәжлісі болды. Мәжлісте бірауыздан қарар қабылданды, онда былай делінген:

«Европалық қорғаныс бірлестігінің» жобасы қабылданбай тасталды. Бұл зор табыс, оны біз мақтан етеміз, өйткені мұны қамтамасыз етуге қатыстық. Алайда, Германияның қарулану хауі әлі жойылған жоқ. Біздің комитет нақ осы хауіпке қарсы күрес жүргізіп келеді; енді осы күресті онан әрі жүргізу қажет.

Біз бұл күресте мынадай пікірлерді басшылыққа аламыз:

1. Бөлшектелген Германияны қаруландыру Еуропаның орталығында ұдайы соғыс хауіпін туғызар еді;

2. Ол Германиядағы ұлтшылық пен милитаризм ұрығының өсуін тездетер еді және өзінің территория жөніндегі талаптарының күш қолданудың көмегімен қанағаттандырылуына жетуге тырысуын галай рет көрсеткендерді қатерлі көтермелеу болар еді;

3. Бұл бүкіл дүние жүзінде жанталаса қарулануды тездетер еді, ал бұл біздің экономикамыз бен біздің бостандықтарымызды түзетуге болмайтын зыян келтірер еді;

4. Ол Германияның біріктірілуіне және біз коалиция деп, ал өздерінің бірлескен хауіпсіздігін қамтамасыз етуге және сауда, мәдени байланыстарды дамытуға ұмтылған елдердің арасындағы жақындау болып табылады деп ойлап отырған шын мәніндегі Еуропаның қарулануына, кедергі жасар еді. Атап айтқанда, ол Франция мен Германияның арасындағы баянды жақындаудың үмітін жою еді.

Германияның қарулану перспективасының жалғыз өкіі ғана кәзіргі өзінде халықаралық қатынастарды ұландырып, Францияның Еуропадағы жағдайын нашарлатты және біздің ұлттық өмірімізге үлкен ірікті салудың элементін кіргізді. Оның берзеганды, үш жыл бойына мұндай қаруландырудың қажеттігін ешнәрсе де ақтаған жоқ. Франциядағы Германия-

ны қаруландыруды жақтаушылардың негізгі дәлелі мұны басқа елдердің үкметтері талап етіп отыр деген сөз айту ғана. Бірақ өзінің тағдыры бейбітшілікке байланысты екенін білетін халық мұндай талаптарды қабылдаудан бастарта алатынын біздің ұлттық жыйналыс көрсетті. Ұлттық жыйналыстағы дауыс берудің нәтижесі Францияның бүкіл дүние жүзіндегі беделін күшейтті. Олай болса, өз мүдделерінен бастартқызуды көздейтін қарарларды бұдан былай да қабылдау қажет және мұны бейбіт қарарлардың қабылдануына жету үшін істеу де керек.

Герман проблемасының бейбітшілікпен шешілуіне жету үшін бөлшектену және соғыстың тұтануының факторы болып табылатын Германияны біржақты қаруландырудан бастарту, сөйтіп келіссөздер жүргізуге жірісу қажет. Келіссөздер жүргізу барлық мүдделі үкметтердің келісімге жету үшін нақтылы күш жұмсауын көздейді.

Бұл келіссөздер мынадай негізгі пункттердің төңірегінде жүргізілуі тиіс:

—Германияны бейбітшілікпен біріктіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бітім договорын даярлау;

—Германия жаппай еркін сайлау өткізуге кірісе алатын шарттарды іздестіру;

—Барлық европалық елдер үшін шын мәніндегі хауіпсіздікті ұйымдастыру; бұл коллективтік хауіпсіздіктің негізгі элементі болып табылады;

—Жаппай және біртіндеп қарусыздану, бейбітшіл және біріккен Германия туралы ережелі қабылдау бұл үшін бастама болар еді.

Кәзіргі уақытта қойылған мақсатқа жетуге бұрынғыдан да жақын отырғанда, біз «вермахтың» қайта тұдырылуына және бейбітшілік ісіне нұқсан келтіруге кедергі жасау үшін еселеген күшжігер жұмсауға тиістіміз. Біз барлық достарымыз бен барлық француздарды осы мақсатпен біздің комитет жұмысының арқашан тан қасиеті болып келген келісу және өзара еркін пікір алмасу рухында ұлттық ұлы науқанды бастауға шақырамыз.

Батыс Германияны қаруландыру жөніндегі келісімге қол қойылуы

ПАРИЖ, 3 октябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Лондоннан берген хабарына қарағанда, бүгін 9 ел сыртқы істер министрлер кеңесіне қатысушылар—АҚШ, Англия, Батыс Германия, Франция, Канада, Бельгия, Голландия, Люксембург және Италия Батыс Германияны

қаруландыру жөніндегі келісімге қол қойды. Бұл келісім бойынша Батыс Германия құрамында 500 мыңға дейін адам және 1350 самолеті бар қарулы күштер құруға және Солтүстік Атлантикалық одақ пен Брюссель договорына қатысуға мүмкіншілік алды.

Бельгияның бейбітшілікті жақтаушыларының жыйналысында

БРЮССЕЛЬ, 2 октябрь. (СОТА). Брюссельде бейбітшілікті жақтаушылардың жыйналысы болды. Бұл жыйналыс Бельгияның белгілі қоғам қайраткері Изабелла Бломге жұырда Москвада тапсырылған «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтудың үшін» Халықаралық Сталиндік

социализм үшін күресуді өске салалы.

Бізді көптеген достарымыз бен жақын адамдарымыздан айырган дүниежүзілік бірінші соғыс кезінде мен бейбітшілікті сақтау үшін күресуге ант еткен едім. Бейбітшілік жолындағы күрескерлердің бірлігі—ұлы күш, бұл күш үдіксіз ар-

ЧЕХОСЛОВАКИЯ МЕН ҚЫТАЙДЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҰНТЫМАҒЫ

ПРАГА, 1 октябрь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігі чехословак және қытай халықтарының арасындағы мәдени байланыстардың дамуы туралы хабарды берді.

Чехословакияның көптеген қалаларында көрсетілген «Жаңа Қытай» деген көрме,—деп көрсетеді агенттік, чехословак еңбекшілерінің зор назар аударуын туғызды.

Тек соңғы екі жылдың ішінде ғана Чехословакияда Қытай авторларының бірсыпыра шығармалары, ерте заманлары және жаңа Қытай поэзиясының жыйнағы чех тіліне аударылып басылды; жыйнақты көркемдеп өңдеген Богумил Магезиус.

Быйылғы жылы Чехословакияда Млодзэ-дунның таңдамалы шығармаларының бірінші томы басмалып шығарылды.

Чехословакияның әдебиет зерттеушісі Ярослав Прушек «Азат етілген Қытайдың әдебиеті және оның халықтық дәстүрлері» деген кітап жазып, бұл үшін оған Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағы берілді. Мария Маберованың әңгімелер жыйнағы мен Мария Нуйманованың өлеңдері Қытай халқына арналған.

Чехословак армиясының Вита Неода атындағы көркемөнерпазшылар ансамблінің Қытай Халық Республикасында болуы, Чехословакияның мәдениет қызметкерлері делегациясының 1953 жылы Қытайға барып қайтуы, Чехословакияның бір топ цирк артистерінің, кино қызметкерлерінің және басқаларының Қытайға баруы екі елдің арасындағы мәдениет байланыстардың нығайтылуына көмектесті.

Қытай Халық азаттық армиясының он би ансамблінің және Қытайдың цирк артистерінің чехословак еңбекшілері арасында өнер көрсетуі зор табыспен өтті.

Чехословакияда қытай фильмдері зор табыспен көрсетілуде.

НХДР-да БАҒАНЫҢ ЖАҢАДАН КЕМІТІЛУІ


ПХЕНЬЯН, 4 октябрь. (СОТА). Бүгін Кореяның орталық телеграф агенттігі 5 октябрьден бастап халық тұтылатын товарлардың мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын кеміту туралы КХДР Министрлер кабинетінің қаулысын берді.

320 түрлі товардың бағасы кемітілген. Бағаның жаңадан кемітілуі нәтижесінде еңбекшілер жылына 4 миллиард вон көлемінде пайда алатын болады.

СИРИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ БАС СЕКРЕТАРЫ ХАЛЕД БАҒДАШТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕЙРУТ, 2 октябрь. (СОТА). Ливанның «Ориан» газеті жуырда парламентке депутат болып сайланған Сирия Коммунистік партиясының бас секретары Халед Багдаштың интервьюін жариялаған.

Х. Багдаш Сириядағы сайлаудың қорытындысын халықтық патриоттық және демократиялық топтардың қанағаттанғандығын білдіретін алғашқы рет атап көрсет-



Жуырда Тула қаласында велосипед спорты бойынша Бүкілодақтық жарыс өткізілді.

Совет Одағының чемпионы атағын екі рет алған еліміздің рекордшысы Р. Чижиков (ССРО Қорғаныс министрлігінің Орталық спорт клубы) 4 километрлік қашықтықтан 5 минут 1,5 секундта келді. Бұл жаңа Бүкілодақтық рекорд және бетонды тректерде 4 километрлік қашықтыққа жеке жарысуда дүние жүзі бойынша ең жақсы нәтиже.

Дондағы Ростов қаласында ат спорты бойынша командалық бірінші орынға не болу жарысы өткізілді.

Жарыс ат спорты жарысының аса күрделі түрі—жоғарғы класты кедергіні жеңу жарысымен аяқталды. РСФСР командасының өкілі, бірінші разрядтағы жас спортшы Владимир Мартынов ССРО-ның чемпионы атағын жеңіп алды.

СУРЕТТЕРДЕ: Р. Чижиков (сол жақта) дистанцияда. РСФСР командасының өкілі Владимир Мартынов (оң жақта).

(СОТА-ның фотохроникасы).

Совет және ағылшын спортшыларының жеңіл атлетикалық матчы

13 октябрь күні кешке Лондонда, Уайт—Сити стадионында Лондон—Москва жеңіл атлетшілер матчы болады.

Лондонға аттанған совет делегациясының құрамында 70 адам бар. Оның ішінде аса күшті спортшылар—ССРО-ның, Еуропаның және дүние жүзінің чемпиондары: Н. Откаленко, И. Турова, А. Чудинова, Н. Пономарева, В. Куц, В. Рябов, А. Игнатьев, Л. Щербачев және басқалары

бар. Делегацияны Москва қалалық физкультура және спорт комитетінің председатели С. В. Пушнов басқарады.

Лондондағы жарыс аяқталғаннан кейін совет жеңіл атлеттері Прагаға барады, мұнда олар 23 және 24 октябрьде чехословак спортшылары мен халықаралық жоластық кездесу өткізеді.

(СОТА).

Ағылшынның „Арсенал“ футбол командасының Москваға келуі

4 октябрьде Лондонның «Арсенал» клубының профессионалдық футбол командасы Москваға келді. Команда халықаралық жарыстарда бай тәжірибелері бар ең жақсы спортшылардан жыйнақталған.

5 октябрьде Орталық «Динамо» стадионында алаң иелері ағылшын футболшыларымен кездеседі. Бұл—Англия мен ССРО футболшыларының соғыстан кейінгі жылдардағы бірінші кездесуі.

Футбол жарысы

Бұл күндері қаланың стадиондарында ерікті спорт қоғамдары командалары арасында кәсіпшілер одағы облыстық Советтің кубогін алу үшін футбол жарыстары өткізілуде. «Энергия» стадионында жылу электр орталығы командасы мен «Локомотив» ерікті спорт қоғамының

жартылай финалға қатысуға право алды.

Бұдан кейін теміржолшылар «Энергия» ерікті спорт қоғамының футболшылары мен кездесті. Бұл кездесу өте қызықты болып өтті. Өйткені, бұдан бұрын бұл екі команда қаланың кубогін алу үшін фи-

Совет Одағының Гимні мен Голландия ұлттық гимні орындалды.

Бұдан соң Нидерландияның комедия театры артистерінің күшімен А.П. Чеховтың «Апалы—сиділі ұш қыз» пьесасы қойылды. Бұл пьесаның қойылуы ұлы орыс жазушысының қайтыс болғанына 50 жыл толуына арналды. Театрдың фойесінде А.П. Чеховтың өмірі мен творчествосына арналған көрме ұйымдастырылды.

Айлық кезінде Чеховқа арналған тағы да бірнеше көштер болады. Айлықтың программасында бұлардан басқа елдің көптеген қалаларында совет фильмдерін көрсету, сонғы кездерде Совет Одағында болып кайтқан Голландия делегациялары мүшелерінің сөз сөйлеулері, совет артистері Игорь Безродный мен Евгений Малининнің концерттері қарастырылған.

СОВЕТ АРМИЯСЫНЫҢ ДУКЛЕЙ ТҮБІНДЕГІ ШАЙҚАСЫНЫҢ ОН ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ ЧЕХОСЛОВАКИЯДАҒЫ МИТИНГ

ПРАГА, 4 октябрь. (СОТА). Кеше Чехословакияның облыстық орталығы Прешов қаласында Совет Армиясының Дуклей түбіндегі батырлық шайқасының он жылдығын атап өтуге арналған еңбекшілердің жаспай митингісі болды.

Словак ұлттық көтерілісі атындағы бас алаңға словакияның он мыңдаған еңбекшілері, елдің барлық тұрғындарынан келген жұмысшылар мен шаруалардың, әскери бөлімдердің көптеген делегациялары жыйналды.

Митингіде республика президенті Антонин Запотоцкий сөз сөйледі, ол өзінің сөзін туысқан чехословак халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін батырлық өліммен қаза тапқан дақты совет жауынгерлерін еске түсіруге және Совет Одағының үнемі көрсетіп отырған көмегі арқасында қол жеткен жаңа Чехословакиядағы тамаша табыстарға арнады.

ВЕНГРИЯДА БЕЙБІТШІЛІК ЗАЕМЫНЫҢ ОЙДАҒЫДАЙ ТАРАТЫЛУЫ

БУДАПЕШТ, 4 октябрь. (СОТА). Кеше бесінші бейбітшілік заеміне жазылуудың ойдағыдай барысы туралы ресми хабар жарияланды. Барлық жазылу сомасы белгіленген 1100 миллион форинт орнына, 1123634300 форинт болып орындалды. Заемге жазылу тоқтатылды.

АҒЫЛШЫН ДОКЕРЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ ЖАЙЫНДА

ЛОНДОН, 4 октябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін 7 мыңнан астам докерлер қазіргі уақытта Лондон портында болып жатқан ереуілге қосылған. Ереуілшілердің жалпы саны бұл күндері 15 мыңнан асты, яғни ереуілге доктар мен верфтерде жұмыс істейтін барлық жұмысшылардың жартысына жуығы қатысып отыр.

Екі мың докерлердің ереуілі салдарынан Манчестердің доктары тоқтап қалған.

сыйлық берілуіне арналды.

Изабелла Блюмге құрмет көрсетілген «Элиза» залына жұмысшылар, қызметшілер, үй шаруасындағы әйелдер, оқушылар, интеллигенция өкілдері, бейбітшілік жолындағы күрескерлердің жергілікті ұйымдарының елдің барлық аудандарынан белген делегациялары жыйналды.

Жыйналыста ССРО-ның Бельгиядағы елшісі В. И. Авилон және халықтық демократия елдерінің дипломатиялық өкілдері болды.

Жыйналысты бейбітшілікті қорғаудың бельгиялық одағы ұлттық комитетінің председатели, Брюссель университетінің профессоры Макс Козинс ашты. Бейбітшілікті қорғаудың бельгиялық одағының мүшелері Релеком және адвокат Дассес Изабелла Блюмнің қорамдық және саяси қызметіне арналған сөз сөйледі.

И. Блюм жауап сөзінде өзін құттықтағаны үшін қызу алғыс айтып, былай деді:

Маған берілген жоғары награда бәздің ұлы мақсатымызды — бейбітшілік және

ФРАНЦИЯДА СОЛТҮСТІК АФРИКАНДЫҚТАРДЫҢ ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРЫН ТАРАТУ

ПАРИЖ, 1 октябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Лилльден былай деп хабарлайды: 29 сентябрьбе 600 солтүстік африкалықтар Рубе қаласының көшелерінде Алжирдің «Демократиялық бостандықтардың салтанат құруы» партияның лидері Мәсали Хаджаны босатуды талап ету үшін демонстрация ұйымдастыруға тырысқан. Бірақ демонстранттарды полиция таратып жіберген. Олардың көпшілігі ұстаған. Қала көшелерін полиция күзетіп жүреді.

Бұл сыяқты оқиға Туркуэне қаласын

БРАЗИЛИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

МОНТЕВИДЕО, 3 октябрь. (СОТА). «Импренса популар» газеті былай деп хабарлайды: Леопольдтегі Бразилия темір жолшыларының бес күнге созылған ереуілі ереуілшілердің әенісімен аяқталды. Бұл ереуілдің салдарынан Рио-де-Жанейрода және оның маңында темір жол қатынасы тоқтап қалған болатын. Жұмысшылар еңбекақыны арттыруды талап еткен еді.

НЕМІС КӘСІПОДАҚТАРЫ ҚЫЯМЫЛДАРЫНЫҢ БІРЛІГІН ОРНАТУ ҮШІН

БЕРЛИН, 4 октябрь. (СОТА). «Форвертс» газетінің хабарына қарағанда, Біріккен еркін неміс кәсіподақтарының председатели Герберт Варнке бүгін ашылатын Батыс Германияның біріккен кәсіподақтарының үшінші конгресінің делегаттарына ашық хат жолдап, онда Германияның екі бөлігі кәсіподақтарының арасында ымысқақтық орнатуды ұсынған. Хатта Біріккен еркін неміс кәсіподақтары бейбітшілік, бірлік үшін күрес және еңбекшілердің тұрмысын жақсарту мәселелерін қамтыттын барлық кәсіподақ проблемалары бойынша келіссөздер жүргізуге қай уақытта болса да дайын екендігі атап көрсетілген.

бірлестігінің күйрегендігі, Корея мен Индо-Кытайдағы соғыстың тоқтатылғаны айқын көрсетеді. Бірақ, бейбітшілік жолындағы күрес тоқтатылған жоқ. Бұл күрес бұрынғыдан да гөрі зор жігермен жүргізіле беруге тиіс. Қазір Лондонда кеңес өткізіліп, онда Батыс Германияны қаруландыру жоспарлары жасалып жатқанын біз білеміз. Мұның өзі герман милитаризмін қайта тудыру хаупін төндіріп отыр. Бірақ оны жақтаушылар мен олардың дипломаттары қажшама тырысып бақса да, мұндай жоспарлар сәтсіздікке ұшырайды, өйткені бұл жоспарларға зор күш қарсы тұр. Бұл күш сіздер мен біздер, миллиондаған еркектер мен әйелдер, бұллар соғыс сыяқты жауынгерлік қылмыстың қайталануына жол бермейді.

Халықаралық Сталиндік сыйлық бейбітшілік үшін күресуге жігерлендіре түседі. Мен тағы да шақырамын: өз қатарымызды бұрынғыдан да тығыз топтастырайық, сонда біз бейбітшілікті сақтап қаламыз.

да да болмақ, мұнда бір солтүстік африкалық жараланған.

кен. Бағдаш оның сайлаудағы жеке табысы «оқшауланған факты болып табылмайды, қоғамдық пікірдің тенденциясын білдіреді, бұл тенденция Дамаск және Хама қалаларында империалистік жоспарларды жақтаушыларды жеңіліске жеткізді» деп ерекше атап көрсеткен.

ИНДИЯ ҮКМЕТІНІҢ ҚҰРАМА ШТАТТАР ҮКМЕТІНЕ НОТАСЫ

ПАРИЖ, 1 октябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Калькуттадан былай деп хабарлайды: Индия азаматтық авиация департаментінің бас директоры Джайның хабарына қарағанда, Индия үкметі Құрама Штаттар үкметіне нота жолдап, онда көсіргі уақытта Индияда жұмыс істеп отырған американдық авиациялық компанияның 1955 жылғы 16 январынан бастап өз қызметін тоқтатуы талап етілген. Бұл күні екі ел арасындағы авиациялық байланыс мәселесі жөніндегі келісімнің мерзімі бітеді.

Джайн былай деп мәлімдеген: Индия егер бұрынғы келісімнің 2 статясы өзгертілетін болса, бұл келісімді қайталап жандыртпауға дайр.

Футболшылары кездесті. Бұған қаламыз көптеген еңбекшілері келді.

Ойынның бірінші жартысында екі жақтың командалары да шабуылға шыққан жоқ. 30 минут өткеннен кейін жылу-электр орталығының командаларына темір жолшылардың қақпасына доп өткізуге мүмкіндік туса да олар мұны дұрыс пайдалана алмады. Ойынның бірінші жартысы 0:0 есебімен тепе-тең болып аяқталды.

Ойынның екінші жартысында темір жолшылар күшті шабуылға шықты. Екі минут өткеннен кейін жылу-электр орталығы командасының қақпасына допты өткізіп, алғаш рет есеп ашты. Қарсы жақ шабуылға шығуға әрекеттенген мен еш нәтиже шықпады. Теміржолшылар 12 минут өткеннен кейін әріптестерінің қақпасына екінші допты өткізді.

Ойынның соңғы кезінде жылу-электр орталығы командасы инициативаны өздерінің қолдарына алып, шабуылға шықты. Сөйтіп, теміржолшылардың қақпасына бір доп өткізді. Ойын 2:1 есебімен темір жолшылардың жеңісімен аяқталды. Олар

лады ойнала кездесті. Теміржолшылар энергиялықтарды жеңген болатын.

Ойын екі жақтың командасының да күшті шабуылы жасауынан басталды. Теміржолшылар энергиялықтың қақпасына алғашқы допты өткізіп, есеп ашты. 20 минут өткеннен кейін теміржолшы Саленко энергиялықтардың қақпасына екінші допты өткізді.

Ойынның екінші жартысында «Энергия» еркті спорт қоғамының футболшылары шабуылға шығып, теміржолшылардың қақпасына бір доп өткізді. Бұдан кейінгі олардың есепті теңемек болған әрекеттері нәтижесіз болып шықты. Темір жолшылар инициативаны қайтадан өздерінің қолына алып, ұнай санын үшке жеткізді. Ойын 3:1 есебімен, теміржолшылардың жеңісімен аяқталды. Теміржолшылар кәсіпшілер одағы облыстық Советінің кубогін алу үшін болатын финалды ойынға қатысуға право алды.

В. ЕНИМОВ,
Қалалық физкультура және спорт комитетінің нұсқаушысы.

Редактордың орынбасары
Г. НҮРМОЛДИН.

Жолдас!
Сен,
ЛЕНИН ТУЫ
газетіне жазыдың ба?

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

1 айға	— 4 сом 35 т.
3 айға	— 13 сом 05 т.
6 айға	— 26 сом 10 т.
1 жылға	— 52 сом 20 т.

Бұл жұмысшылардың жазылуына

Кинолардас

«УДАРНИК» кинотеатрында	«ОКТАБРЬ» кинотеатрында
«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ» (Екінші сериясы)	«КҮТ МЕНІ»
Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.	Сеанстар кешкі сағат 8-30 және 10-30-да басталады.

„Союзпечатьтің“ органдарында

1955 жылға газеттер мен журналдарға жазылушылар қабылданады.

1954 жылдың 1 октябрінен бастап осы жылдың 16 октябріне дейін 1955 жылға орталық, республикалық, облыстық, аудандық газеттерге және журналдарға мәдени-ағарту мекемелерінен, жеке адамдардан жазылушылар қабылданады.

Осы жылдың 15 октябрінен бастап барлық еңбекшілердің орталық, республикалық облыстық және аудандық газеттер мен журналдарға жазылушыларына болады.

Газеттер мен журналдарға «Союзпечатьтің» барлық қалалық бөлімдерінде, барлық аудандық байланыс бөлімдерінің конторларында, бөлімшелерінде, агенттіктерінде, кәсіпорындардың, оқу орындарының, колхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің қоғамдық өкілдеріне жазылуға болады.

Газеттер мен журналдарға мезгілінде және ұзақ мерзімге жазылу газеттер мен журналдардың толық алынуын қамтамасыз етеді.

Совхоздар министрлігінің Петропавлдағы автобазасына түпкілікті жұмысқа: шоферлар, слесарьлар, балташылар және басқа да жұмысшылар КЕРЕК.	«Заготскоттың» Солтүстік Қазақстан облыстық конторына экономист, бухгалтер-ревизор және жергілікті орындарға барып жұмыс істеу үшін агроном, бухгалтер КЕРЕК.
Еңбекақы келісім бойынша төленеді. Жұмысқа қабылдау жағдайын жұмыс уақытында (Киров көшесінің басы) келіп, түсінік алуға болады.	Адрес: Базарбай көшесі, 90-үй. Облзаготскот.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-51, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02675 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.